



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Инвесторларды қолдаудың жаңа кезеңі



2-бет

«Ескі Заң есіркеп, жаңа Заң жарылқасын!»



3-бет

Жерлестер – олжалы



8-бет

Арқа төріндегі ашық диалог



Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Есапар аясында делегация аймақ жұртшылығымен, профессорлық-оқытушылық құраммен, шахтерлермен, мәдениет қайраткерлерімен, сондай-ақ, жергілікті қауымдастықтар хәм ауыл тұрғындарымен біріктар мазмұнды кездесу өткізді. Ашық диалог форматында өткен басқосуларда жаңа редакциядағы Ата Заң жобасының негізгі бағыттары кенінен талқыланып, азаматтардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Қарағандылықтар ел болашағына қатысты маңызды құжатты жетілдіру ісіне белсенді қатысып, өз көзқарастарын айтып, пікірлерін ортаға салды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Конституция нормалары жөніндегі талқылау Қарағанды облысының жұртшылығымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесуден басталды. Достық үйінде қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, мәслихат депутаттары және пікір көшбасшыларынан құралған 200-ге тарта адам жиналды.

Кездесудің негізгі тақырыптары – биліктің барлық тармағын жанарту, этносаралық бейбітшілік мәселелері, қазіргі қоғамдық келісім институттарының трансформациясы және жаңа консультативтік орган – Халық Кеңесін құру болды. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Конституция жобасындағы құндылықтар қоғамды әділдік, заңдылық және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер сияқты айқын және түсінікті басымдықтар негізінде біріктіретінін атап өтті.

– Тәуелсіздікті сақтау мен нығайту жолындағы басты міндет – мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын және тұтастығын қамтамасыз ету. Бұл мәселе жаңа Ата Заң жобасында нақты көрсетілген. Онда билік институттарының құзыреттері мен функциялары айқын әрі нақты белгіленіп, олардың арасындағы теңгерім толық сақталған. Жаңа Конституцияға сәйкес, Қазақстанда Президенттік басқару формасы сақталады. Мемлекет басшысы Конституцияның кепілі болып, мемлекеттік аппараттың үздіксіз, үйлесімді әрі жүйелі жұмысын қамтамасыз етеді, – делі Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасы атап өткендей, жаңа Конституция президенттік реформалар бағытының жүйелі іске асырылуы мен кең ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі

болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің трансформациясы туралы сөз қозғалғанда коалиция мүшелері Ассамблеяның тұрақтылықты қамтамасыз етіп, этносаралық келісімді нығайтуда маңызды тарихи рөл атқарғанын атап өтті. Президент ұсынған жаңа институт – Халық Кеңесі халық бірлігін нығайтудағы жаңа қадам болып, этномәдени бірлестіктердің өкілдерін, мәслихат депутаттарын және азаматтық сектор өкілдерін біріктіруге тиіс.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов өз сөзінде Халықтық Конституция қоғамдық келісім, халық бірлігі және этносаралық диалог қағидаттарын нығайтатынын атап өтті. Оның айтуынша, құжат «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидатын бекітіп, этносына

немесе өңіріне қарамастан барша азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігіне кепілдік береді.

Аймақтық коалиция мүшесі және «Вайнах» бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев Қарағанды тарихи тұрғыда көпэтносты өңір екенін атап өтті. Қазіргі уақытта мұнда 60-тан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ол жаңа буын Ассамблея мүшелерінің қоғамдық жұмысқа белсене араласуына тоқталды.

Мазмұнды әңгіме Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде зиялы қауым өкілдері, профессорлық-оқытушылық құрам және студент жастар арасында жалғасты. Талқылауға шамамен 500 адам қатысты.

► 2-бет

Жарты миллион жүктеді

Энергетика министрлігі отын-энергетика кешенін цифрлық трансформациялау аясында газ саласын жүйелі түрде цифрландыру жұмыстарын жүргізуде. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – өткен жылы QazaqGaz Аймақ мобильді қосымшасының іске қосылуы.

Аталған қосымша тұтынушыларға газ есептегіш көрсеткіштерін ыңғайлы түрде жолдауға мүмкіндік береді. Негізгі артықшылығы – есептегіш көрсеткіштерін фото арқылы автоматты тану және енгізілген деректердегі ықтимал қателер мен ауытқуларды тексеру. Сонымен қатар, пайдаланушылар газ тұтыну және төлем тарихын көре алады, есептегішті тексеру мерзімі мен жоспарлы техникалық жұмыстар жөнінде хабарламалар алады.

Қазіргі уақытта қосымшада виртуалды AI-көрсеткіш жабық тестілеу кезеңінен өтуде. Жасанды интеллект негізіндегі цифрлық көмекші табиғи газ тұтынушыларының сұрақтарына тәулік бойы жауап беруге арналған. Бүгінде компанияның колл-орталығы тек жұмыс уақытында қызмет көрсетсе, жаңа AI-сервис 24/7 режимінде желел қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді. Себебі «көгілдір отынды» пайдалану мәселелері демалыс және мереке күндері де туындауы мүмкін.

Сервис әртүрлі LLM-модельдер негізінде сынақтан өткізіліп, ең тиімді әрі дәл шешім таңдалады. Ақпараттың сапасы мен өзектілігіне басымдық берілген. Виртуалды көмекші тарифтер, салалық нормативтік-құқықтық актілер, қажетті құжаттар тізімі, газға қосылу тәртібі және өзге де мәселелер бойынша толық әрі жанартылған ақпарат ұсынады. Бұл пайдаланушыларға қажетті кеңесті жылдам әрі қолжетімді форматта алуға мүмкіндік береді. AI-көрсеткішнің функционалы газбен жабықтау тақырыбымен шектеледі, ал оның білім базасы тұрақты түрде жаңартылып, сервис кезең-кезеңімен жетілдіріліп отырады.

Бүгінде қосымшаны жарты миллионнан астам адам жүктеп алған. Оның көмегімен 200 мыңнан астам есептегіш көрсеткіші қабылданған.

Өз тілшімізден

• ӨЗЕКТІ

Жалған жарнама жарға жығады

Әлеуметтік желі – бүгінгі адамның айнасы ғана емес, арбаушысы да. Жарқыраған жарнама, жылтыраған жеңілдік, «тек бүгін» деген қызыл сөздер санаға саңылау іздеп, сенімге сына қағады. Бірі үйін жалға беріп «жоғалады», бірі бренд сатамын деп бұғатталады. Ал, бәзбіреулер бар жиған-тергенін бір сәттік сенімге айырбастан, бармағын тістеп қалады. Цифрлы дәуірде алаяқтық түрі сан салаға тарамдалып, өзгеруде. Бірақ, оның басты қаруы өзгерген жоқ – сенім. Алаяқтар ақшаны емес, сенімді нысанаға алатынын көбісі қаперден шығарып алса керек. Ендеше, мәселенің мән-жайын анықтап, байыбына бойлап көрелік...

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта интернет-алаяқтық жиі тіркеледі

Интернет-алаяқтық енді жекелеген оқиға ғана емес, жүйелі құбылыс ретінде қоғамда белең алып барады. Былтыр елімізде 27 892 интернет арқылы жасалған алаяқтық дерегі тіркелген. Бұл – барлық алаяқтық қылмыстарының 61 пайызы. Яғни, бүгінгі алаяқтың негізгі «мекені» – көше емес, желі. Жылдың алғашқы жартыжылдығында ғана 11 мыңнан астам дерек тіркеліп, азаматтарға келген шығын 25 миллиард теңгеден асқан. Қайтарылған қаржы

мардымсыз. Демек, әрбір тіркелген істе ақшамен қатар сенім де жоғалғанын аңғарамыз.

Өңірлік ахуал да алаңдатарлық. Polisia.kz сайтының дерегіне сүйенсек, Қарағанды облысы интернет-алаяқтық жиі тіркелетін аймақтардың қатарында. Былтырдың өзінде мыңдаған адам цифрлы қақпанға түсіп, 3 миллиард теңгеге жуық залал көрген. Схема таныс. Өзін «банк қызметкері» деп таныстыру, «тиімді инвестиция», жалған онлайн-дүкен, арзан пәтер.

Сан көбейген сайын әдіс те алуан. Бұрын алаяқтар арбау үшін жеке кездесу ұйымдастырса, қазір бір сілтеме, бір қоңырау жеткілікті. Тіпті, кей жағдайда бір ғана жарнама сан соқтырады.

Арзан пәтер: арбаған баға, алданған адам

Қарағандыда пәтер іздеген студенттер үшін бәрі тым оңай басталған. Танымал хабарландыру сайтында барлық жағдайы жасалған, бағасы қолжетімді «комфорт» үй жарқ ете қалады. Суреті сапалы. Сипаттамасы сенімді. Байланыс нөмірі бар. Қоңырау шалады. Жауап бар. Бірақ, бір деталь күдік тудырады. WhatsApp авасындағы сурет – өздерімен бірге оқитын құрбысының суреті. Есімін айтып сөйлескенде, дауыс та, сөйлеу мәнері де мүлде басқа. Күмән күдікке ұласты. Құрбысына хабарласады. Ол мұндай жарнама бермегенін айтады. Сол сәтте-ақ



бәрі түсінікті.

Әккіленіп алған алаяқ «үйді қазір брондап қойындар, тек ал-

дын ала төлем жасаңдар» деп асықтырады. Хабарласушылар көп екенін, кеш қалса, пәтерсіз қалаты-

Сурет: АИ

нын айтады. Классикалық қысым тактикасы. Уақыт бермейді. Ойландырмайды. Егер сол сәтте бір сәттік аңғалдыққа бой алдырса, ақша аударылар еді. Ал, одан кейін не болары бесенеден белгілі. Нөмір сөнеді, аккаунт жоғалады, жарнама өшіріледі.

Абырой болғанда, бұл жолы студенттер сак болды. Бірақ дәл осындай «арзан пәтер» жарнама-сына алданып, алдын ала төлемін беріп, алаяқтың орнын сипап қалғандар аз емес. Цифрлы алаяқтықтың ең қауіпті тұсы – оның тым шынайы көрінуде. Сурет бар. Байланыс бар. Пікір бар. Тек үй ғана жоқ.

«Жеңілдік» емес, жеңіліс
Мұндай сүзбеуаз кейіпкерді табу қиын болмады. Қалада интернет арқылы алданған адам аз емес. Соның бірі – қала тұрғыны Маржан Байшағырқызы.

– Кешкісін жұмыстан шаршап келіп, Instagram лентасын қарап отырғанмын.

► 5-бет

• РЕСМИ

Әлеуметтік жауапкершілік артады

Астанада ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кеңейтілген Алқа отырысы өтті. Қатысушылар 2025 жылғы мемлекеттік саясатты іске асыру қорытындыларын шығарып, әлеуметтік-еңбек саласын дамытудың 2026 жылға арналған негізгі векторларын айқындады. Басты назарда – сапалы жұмыс орындарын құру, адами капиталды дамыту және мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерін орындау.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллегия ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өтті. Жиынға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, Парламент депутаттары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бағынысты ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер қатысты.

Отырысты ашқан ведомство басшысы Асқарбек Ертаев бүгінгі таңда Министрлік жұмысының бас стратегиялық басымдығы халықты өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және азаматтардың экономикалық белсенділігін ынталандыру болып табылатынын атап өтті.

«Біз күш-жігерімізді нақты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету, тұрақты жұмыс орындарын құру және азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыру бағытына жұмсауымыз қажет. Өткен жылдан бастап жұмысқа орналасу мониторингін тек міндетті зейнетақы жарналары туралы деректер негізінде жүзеге асырылуда. Бұл бізге формальды есепке алуды толығымен жоя отырып, нақты жұмыспен қамтылуды объективті бағалауға көшуге мүмкіндік берді», – деп атап өтті Асқарбек Ертаев.

Бұл бағыттағы жұмыс Еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында жүргізілуде. Құжаттың негізгі макроиндикаторы – 2029 жылға қарай сапалы жұмыс орындарының санын 3,8 миллионға жеткізу. 2025 жылдың қорытындысы бойынша экономикада осындай 2,9 млн жұмыс орнының жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. 2026 жылғы өңірлік карталар шеңберінде 547,7 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарлануда. Ағымдағы жылдың маңызды қадамы ізденушілерге дербес бағдарлы (маршруттарды) проактивті түрде таңдауға мүмкіндік беретін «ЖИ негізіндегі Цифрлық жұмыспен қамту қызметін» толық ауқымды іске қосу болмақ.

Жұмыспен қамту мәселелерімен қатар, мемлекет азаматтар алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды.

«2025 жылғы әлеуметтік төлемдерге 5,9 трлн теңге бағытталды, бұл республикалық бюджеттің барлық шығыстарының 23%-ын құрайды. Жыл сайынғы индекстеу ая-

сында біздің 4,6 млн азаматымыз үшін зейнетақылар мен жәрдемақыларды арттыру қамтамасыз етілді, бұл олардың сатып алу қабілетін сенімді қорғауға мүмкіндік берді», – деді Министр.

2025 жылы ынтымақты зейнетақылар 8,5%-ға өсті, ал, базалық зейнетақы 6,5%-ға индекстелді. 2026 жылғы төлемдердің жоспарлы өсу саясаты жалғасады: базалық зейнетақының ең жоғары мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 118%-ына дейін ұлғайтылды, зейнетақылар мен жәрдемақыларды жыл сайынғы индекстеу 10%-ды құрады, ал Министрліктің жоспарланған шығыстарының жалпы көлемі 6,9 трлн теңгеге дейін өсті.

Отырыс барысында ведомство жұмысының басқа да негізгі бағыттары бойынша жаңа тәсілдер белгіленді. Көші-қон саясаты саласында жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға басымдық бере отырып, цифрлық скоринг жүйесі енгізілуде. Инклюзия саласында сырттай мүгедектікті белгілеу процесін толық цифрландыра отырып, әлеуметтік-құқық қорғау моделіне көшу жүзеге асырылуда.

Өздерінің салалық бағыттары бойынша егжей-тегжейлі баяндамалармен: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Ерасыл Жұманбаев, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің төрағасы Мейрамбек Ахметов және «МӨСК» АҚ президенті Алмас Құрманов сөз сөйледі.

Түстен кейін Алқа жұмысы аумақтық департаменттер, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарлама-лар басқармалары, сондай-ақ «МӨСК» АҚ филиалдары басшыларының қатысуымен бейінді панельдік сессиялар форматında жалғасты. Қатысушылар Инклюзивті саясат тұжырымдамасын іс жүзінде іске асыру, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелерін талқылады. Сессиялар барысында сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл шараларына, сондай-ақ әлеуметтік алаяқтық пен жергілікті жерлерде төлемдерді негізсіз алу фактілерін анықтау және олардың қатаң жолын кесу бойынша жүйелі жұмысқа ерекше назар аударылды.

Сурет ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметінен

Арқа төріндегі ашық диалог



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ашық форматтағы диалог қатысушыларға жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңыздылығы, білім беру жүйесінің болашағы, жастар мен интеллектуалды еңбектің ел дамуына қосатын рөлі жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік берді.

Кездесуде Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жаңа Ата Заң жобасында ел дамуының басым бағыттары

ретінде алғаш рет ғылым мен білім бекітілгенін атап өтті.

Коалиция мүшелері қоғамда жаңа Конституция жобасының мазмұны туралы терең пікір қалыптастырушы ретінде оқытушылар мен академиялық қауымдастықтың рөлін ерекше атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар білім беру, ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми жобалар мен инновациялық бастамаларды қолдау Ата Заңның басым бағыттарына айналатынын айтты.

«Qarmet» кәсіпорнында шахтерлер мен металлургтердің кәсіподақ ұйымдарының басшыларымен және өкілдерімен әңгіме мазмұнды өтті.

Кәсіподақ өкілдері жаңа Конституция мәтімімен танысқанын және ондағы негізгі идея – «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасын толық қолдайтынын атап өтті. Еңбек адамдарының пікірінше, құжаттағы негізгі басымдықтар – тыныштық пен тұрақтылық, ертеңгі күнге сенім және отбасыларының амандығы

мен әл-ауқаты болып отыр.

Ақындар, жазушылар мен термешілердің қатысуымен өткен диалог шығармашылық мамандықтарды қолдау, тарихи дәстүрлерді сақтау және мәдени мұраны жаңа Конституцияда бекіту мәселелеріне бағытталды.

Коалиция мүшелері зиялы қауым назарын алдағы референдумның тарихи маңызына аударып, бұл келер ұрпақ үшін ұлттық өнерді дамыту мен сақтаудың берік құқықтық негізін қалыптастыратынын жеткізді.

Жалпыұлттық коалицияның сапары Бұқар жырау ауданына қарасты Гагарин ауылында өз мәресіне жетті. Мұнда ауыл тұрғындары – қандастар, қарттар, жастар, белсенді азаматтармен кездесу өтті.

Талқылаудың басты тақырыбы Ата Заңның жаңа редакциясында адамның өмірі мен қадір-қасиетінің ең жоғары құндылық ретінде бекітілуі болды. Бұл барлық азаматтардың білім алуын, медициналық қызметпен қамтылуын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде ауыл тұрғындары адами капиталды білім, ғылым және инновациялар арқылы дамыту маңызды басымдық екенін атап өтті.

Барлық кездесулердің қорытындысы бойынша Қарағанды облысының тұрғындары референдумға қатысу елдің алдағы бағытын қалыптастыратын маңызды қадам екенін айрықша атап өтті.

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Инвесторларды қолдаудың жаңа кезеңі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс аумағында инвесторлардың құқықтарын қорғау мен бизнеске қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі қадамдар күшейтілуде. Аймақта инвесторлар нақты құқықтық қолдауға және өз мүдделерінің сенімді қорғалуына арқа сүйей алады. Өткен жылдың соңында Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанынан Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылған болатын. Бұл – бизнеспен өзара іс-қимылдың жаңа форматы. Аталған құрылым туындаған мәселелерді жедел шешуге және әкімшілік кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Жәлел ША.ҚАРА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр өңірде облыс прокурорлары инвестициялық прокурорлардың функцияларын атқарады. Сонымен қатар, инвестициялық жобаларды сүйемелдейтін және бизнеске кедергі келтіретін мәселелерді шешуге жәрдемдесетін арнайы жұмыс топтары құрылған. Инвесторлармен жұмыс істеудің жаңа құралдары мен нақты қолдау тетіктері бизнес өкілдерімен өткен кездесуде кеңінен талқыланды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев инвесторлардың құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы инвесторлардың құқықтарын қорғауды жоғары деңгейге қойып отыр. Біздің міндетіміз – облысты инвесторлар бір жобаман ғана емес, ұзақ мерзімге келетін мүмкіндіктер аймағына айналдыру. Біз өңірдің бизнес үшін сенімді әрі болжамды аймақ ретіндегі имиджін нығайтуға және жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Әкімнің айтуынша, инвесторлармен жұмыс үш негізгі бағытта негізделді: ашықтық, заңдылық және әріптестік. Әрбір инвестор қайда жүгіну керектігін, көмекті қайдан алатынын және мәселесінің қаншалықты жедел шешілетінін нақты білуі тиіс.

Бұл – артық тосқауылдар мен бюрократиялық кідірістерге жол бермеудің басты шарты.

Аталған қағидаттардың сақталуына прокуратура кепілдік береді. Өңірде инвестициялық жобаларды барлық кезеңде сүйемелдеп, олардың іс жүзінде жүзеге асырылуына ықпал ететін жұмыс тобы тұрақты негізде жұмыс істейді.

Облыс прокуроры Бауыржан Мырзақеров те бұл бағыттағы жұмыстың маңызын атап өтті.



– Ортақ мақсатымыз – тұрақты әрі қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру. Инвестор заң мен мемлекетке сенген жағдайда ғана бұл мүмкін болады. Прокуратура бизнеске барлық мәселелер бойынша қолдау көрсетуге әзір, – деді ол.

Облыста «прокурорлық сүзгі» тетігі енгізілген. Бұл механизм инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың шешімдерін прокурормен міндетті түрде келісуді көздейді. Нәтижесінде негізсіз 23 тексеру кері қайтарылып, 88 жағдайда инвесторларды әкімшілік жауапкершілікке тарту процедурасы тоқтатылған. Сонымен қатар, жобаларды сүйемелдеу барысында 65 проблемалық мәселе оң шешімін тапқан.

«SILK ROAD ELECTRONIC» ЖШС директоры Александр Крицкий қадағалау органымен өзара іс-қимылдың тиімділігін ерекше атап өтті.

– Біздің тәжірибемізде прокуратура туындаған жағдайға жедел әрекет етіп, заңдылықтың сақталуын қалпына келтіруге ықпал еткен табысты кейс бар. Принципшіл әрі сындарлы ұстанымның нәтижесінде мәселе құқықтық алаңда және қысқа мерзім ішінде шешімін тапты. Мұндай өзара іс-қимыл форматы кәсіпкерлерге әкімшілік кедергілерге алаңдамай, өндірісті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға назар аударуға мүмкіндік береді, – деді Александр Крицкий.

Өңірде «бір терезе» қағидаты мен инвестициялық штаб жұмыс істейді. Жаңа инвестициялық стратегия қабылданып, соған сәйкес қалалар мен аудандардың әкімдері инвестициялық жобалардың іске асырылуына жеке жауапты болып белгіленген.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бас-

шысы Асқар Ғазалиевтің айтуынша, өңірлік пулга 124 инвестициялық жоба енгізілген. Олардың бірқатары белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Жүйелі қолдаудың нәтижесінде облыс Ұлттық цифрлық инвестициялық

платформа рейтингінде бірінші орынға көтерілген.

Сондай-ақ, инвесторлармен жұмыс істейтін бірінші оператор – Qaragandy INVEST жүйесі құрылуда. Бұл құрылым жергілікті және шетелдік кәсіпкерлермен жұмысты біріктіріп, жобаларды сүйемелдейді және мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіреді. Кәсіпкерлер палатасы кері байланыс жинап, заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуде.

2026 жылға арналған мақсат – қолданыстағы сүйемелдеу жүйесін сақтап қана қоймай, оны одан әрі күшейту, тиімді жұмыс шешімдерін кеңейту және Қарағанды облысына инвестиция тарту үшін әкімшілік кедергілерді азайтуды жалғастыру.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Ескі Заң есіркеп, жаңа Заң жарылқасын!»



Біз кейде «Қазақстанда идеология жоқ», – деп танаурап жатамыз. Ал, еліміздің Ата Заңы тұнып тұрған идеология екеніне неге мән бермесек? Ашы да болса, ашығын айтайық, біз Конституцияға «заңдар мен баптар жинақталған кітап» деп қарайтын немесе мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде сынаққа дайындалу үшін ғана пайдаланатын көмекші құрал ретінде қабылдайтын жағдайға жеттік.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 наурыздағы жалпыхалықтық Референдумға ұсынылған жаңа жобасы – біздің бұл ұшқары пікір, ұшқалақ көзқарасымызды көшірмейтін құндылыққа ие. Өйткені, Ата Заңымыздың жаңа жобасында бабалар аманаты мен Алаш көсемдерінің азаттық жолында құрбан болған жалын ғұмырларының өтеуі бар. Жаңа жобаның преамбуласында біз көксеген құндылықтардың барлығы қамтылып, адами капитал Конституция жобасының негізгі өзегіне айналған. Қазақ елінің тарихи хақысы қамтылған бас құжаттың талқыдағы жобасының маңызы мен мәні неде?

Бірге үніліп көрелік...

Ерсін МҮСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік төлқұжаты

Алты ай талқыланып, ашық алаңдағы пікірталас пен әлеуметтік желідегі кең ойлайтындар мен кең ойлайтындардың ой-қоқпарына негіз болған жаңа жобаның ең басты артықшылығы – түпнұсқаның ана тілімізде әзірленуінде. Алысқа бармай-ақ, өз отбасымыздан мысал келтірейін... Осыдан төрт жыл бұрын қыз балам мемлекеттік қызметке орналаспақшы болып, сынаққа дайындалды. Тест сынағында қамтылған басқа заңдарды қайдам, тура осы қолданыстағы Ата Заңымыздың қазіргі нұсқасын қабылдай алмай, сынаққа орыс тіліндегі Конституциямен дайындалғанын көзіммен көрдім. Жаңа жобаны жаппай сынап, Мемлекеттік тіл мәртебесін «даулап» жүрген замандастарымыз осы артықшылыққа неге көңіл аудармайды екен?

Жалпы, қазақстандық қоғам дәл қазір тарихи жауапкершілікпен де, теңдессіз мүмкіндікпен де бетпе-бет келіп тұр. Жауапкершілік те, мүмкіндік те – ел ертеңі үшін маңызды факторлар. Бүгінгі қабылданған әр шешімнің болашақ алдында сұрауы болатыны жауапкершілікті мензейді. Ал, мүмкіндік ше? Мүмкіндік, ол – жауапкершілік жүгін арқалаған әрбір тарихи шешімнің демократиялық принциптері негізінде қабылдануы.

Мәселен, ел Конституциясының жаңа жобасы халықтың қатысуымен талқыланып, тікелей Қазақстан азаматтарының талғамымен қабылдануы тарихи мүмкіндік емей мемене?! Алдындағы жазбаларымыздың бірінде Конституциясы жоқ елдер бар екенін жазған едім. Шынығын айтқанда, ол кемшілік емес. Кемшіліктің көкесі ата Заңы болсын, басқа да мемлекеттік хәм тарихи маңызы зор шешімдерді «жабық есік» жағдайында қабылдайтын мемлекеттерде екен. Осы тұрғыдан қарағанда, 15 наурызға белгіленген Референдумның Қазақстан азаматтары үшін ой бостандығы мен таңдау еркіндігіне кепіл болар тарихи маңызын аңғарар едік.

Өткен жылы қолданыстағы Конституцияның 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген Конституция бабы нақты жүзеге асырылды. Бұл қоғамымыздағы саяси үрдіске зор серпін берді. Енді еліміздегі барлық маңызды шешімдерді ел болып талқылап, бірге қабылдайтын болдық, – деген болатын. Ел Президентінің



Коллажды авторы Шынар Аманжол

осы тұжырымында биліктің жауапкершілігі де, халықтың мүмкіндігі де жатыр.

Біз де мұндай мүмкіндік бұрын болды ма? Саралап көрелік...

Әлем елдері арасында мемлекет үшін аса маңызды тарихи шешімдерді билік пәрменімен қабылдай салуға мүдделі мемлекеттер аз емес. Мысалы, Украина, Молдова, Грузия, Өзбекстанда Конституция парламенттік жолмен қабылдана, Болгария, Румыния, Бразилия, Камбоджа, Колумбияның Конституциялары Құрылтай жиналысында қабылданады екен. Заң қабылдаудың бұл екі форматында да қарапайым халықтың ұсыныс-пікірі шектеулі болады.

Естеріңізде болар, тәуелсіз Қазақстанның да алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданған. Әлем Конституцияларын зерттеуші мамандар небары 1,5 жыл ғана өмір сүрген алғашқы Ата Заңымыздың ғұмырының қысқа болуын 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының желісімен дайындалып, посткеңестік мүдде шеңберінде қалып қойғандығына жатқызады. Ал, мен айтар едім, тұңғыш Ата Заңымыздың өміршең болмауының басты себебі – Ата Заң жобасын а талқылауға, а қабылдауға қарапайым халықтың қатыспауы. Жоғарғы Кеңестің шағын аппаратында әзірленіп, сессияда қабылданған басты заңымыздың бағы баянды бола алмады, ақыры...

Ал, 1995 жылы қабылданған қолданыстағы Ата Заңымыз жалпыхалықтық Референдумда қабылданды демесеңіз, оның да жобасын оншақты адамнан құралған жұмыс тобы жабық жағдайда әзірлеген. Өуел бастан кемел ойлап, кең пішілген дүние болмаған соң, кемдігі де, келетілігі де тез байқалады ғой. Айналасы 30 жылда 6 рет өзгертуіміздің себебін енді аңғарған боларсыз...

Менің бұл пікірім – өткеннің бәрін жоққа шығару емес, салдары ғасырларға жүк болатын тарихи қателіктердің себебіне көңіл аудару. Әйтпесе, қолданыстағы Конституция Кеңес Одағының қирандысына үйі тігіп, енді ғана шаңырақ көтерген еліміздің мемлекет ретінде қалыптасу кезеңінде Тәуелсіздікті нығайтып, ішкі-сыртқы саясатымыздың бағыттарын айқындауда өзінің тарихи миссиясын толық атқарған бағана елдің басты заңы болғанын қалай ұмыта қалайық?..

Иә, біз жаңаруға бет алып, жаңғыруға ниет еттік. Конституцияның жаңа жобасы алғашқы күннен-ақ ашық алаң талқысына шықты. Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның барлық отырыстары тікелей эфир арқылы ел назарына ұсынылып, халықтан түскен 10 мыңнан астам талап-өтініш, тілек-ұсыныстың барлығы назарға алынды. Нәтижесінде, адами факторға бағдарланған,

мемлекеттік құндылықтарға кепіл боларлық, кешегі Алаш көсемдерінің аманаты мен арманын арқалаған жоталы жоба әзірленді.

Қазақстан соңғы жылдары берік қалыптаса бастаған ашықтық принципі, яғни, түпкі шешім, соңғы сөзді халықтың өзіне қалдыру қағидаты еліміздің әлем алдындағы беделін еселеп келеді. Бұрнағы жылы АЭС құрылысы бойынша өткізген Референдум мен биылғы Конституциялық реформа Қазақстанның сәтті қадам, нақты мақсатын айқындап тұр.

Қазақстан үшін жарқын болашаққа бір-ақ қадам қалды. Ол – 15 наурызда өтетін Референдум. Сөз басында айтқан тарихи мүмкіндік – халықтың талғам таразысында. Азаматтық ұстаным мен билік пәрасатқа сүйеніп, терең білім, салмақты сабыр танытатын жеріміз – осы!

Түйіндей келгенде, Ата Заңымыздың алғашқысы да, қолданыстағысы мен ертеңгі жаңа жобасы да – Тәуелсіздіктің төлқұжаты. Ал, төлқұжаттан қастерлі ештеңе жоқ!

Алаш идеясы һәм Ата Заң

Бүгінгі Тәуелсіздік бақыты Алланың аспаннан түскен тосын сыйы емес. Ол – ғасырдан – ғасырға, бабадан – ұрпаққа аманат болып жеткен арман мен сабақтастықтың ақиқатқа айналған жасампаз формасы.

Жаңа жобаның ұлттық құндылықтарға негізделген преамбуласында «Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап» деген мақсатшыл тұжырым бар. Оның астарында «байырғы қазақ жерінде» мемлекеттік құрылым ежелден қалыптасқандығын дәлелдейтін және «оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға жол бермейтін» өр рухқа өлшем болар өнеге жатыр.

...Жақында конституциялық реформа жөнінде Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Нұрғас Смағұловпен пікірлесек калғанмын. Тарихшының мына пікірі елең еткізді. Ол:

– Сіз кешегі Алаш идеясы мен бүгін талқыланып жатқан Конституция арасындағы үндестікті аңғардыңыз ба? – деп қалды. Тосырқап қалсам да, тосылмадым.

– Иә, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы мен Алаш идеясы арасындағы сабақтастық туралы қалам тербегенім бар. Бірақ, конституциялық реформаның мақсаттары мен Алаш идеясы арасындағы үндестікке үңіле қоймаппын, – дедім. Нұрғас Бірлікұлы нақты мысалдарға жүгіне отырып, өз пікірін тарқата бастады.

– 1917 жылы қабылданған «Алаш» партиясы бағдарламасы-

ның тарихи маңызы зор екенін біз Алаш идеясы мен бүгінгі саяси үдерістер мазмұны арасындағы мүдде сабақтастығынан көріп отырмыз. Алаш зиялылары өз бағдарламасында қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Референдумға шығарылған жаңа жобаның 3-бабында қамтылған конституциялық талаптар «Алаш» партиясының бағдарламасында да айшықты көрініс тапқан. Бұл баптағы Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қағидаттары алашордалықтар бағдарламасының «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық» деп аталған II-III бөлімдерінде толық қамтылған. Сондай-ақ, біз талқылап жатқан жаңа жобаның 7-бабындағы «Дін – мемлекеттен бөлек» деген тұжырым «Алаш» партиясы бағдарламасының IV бөліміндегі «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы» деген талаппен үндеседі. Алаш көсемдерінің жасаған бағдарламасында қамтылған барлық құндылықтар тәуелсіз Қазақстан ұстанған бағыттың бастауындай болуы – кездейсоқ сәйкестік емес, тарихи сабақтастық, – деп ой тұжырыды.

Біз де үңілдік. Иә, көлемі шағын болғанмен, мазмұны терең, маңызы зор «Алаш» партиясының бағдарламасы қабылданғанмен, мақсатына жете алмады. Тарихи бағдарламасының «Жергілікті бостандық» аталған II бөлімінде «Қазақ жүрген облыстардың барлығы бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының Федерациялық бір ағзасы болу» деп, отаршыл жүйеден бірден іргесін аулақ салмайды. Мұнда дала дипломатиясының дана үлгісі айқын көрініс тапқан.

Алаш идеясында қамтылған мемлекет басқару құрылымы, президенттік басқару жүйесі, азаматтардың еркіндігі, нақшысы, білім мен ғылым игеру құқығы, жер мәселесі, ел қорғау міндеті секілді талап-тұжырымдардың барлығы бүгінгі Конституция жобасының стратегиялық өзегіне айналған.

Мұның барлығы – жай ғана қайталау емес, азаттыққа ұмтылған арманды аялаған сабақтастық. Яғни, біздің қоғам әлеуметтік желідегі «диван батырлар» байбалам салатындай құндылықтардан бас тартып отырған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі 2021 жылы жариялаған «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты тарихи мақаласында: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Алаш арыстарының асыл

мұрасын игеру жалғаса береді» деген болатын. Ел Президентінің аманатқа адалдық танытып, Алаш көсемдері бастаған асыл мұратқа ой жұмылдырып, Қазақстанды әділетке жактас, қиянатқа жау ел ретінде ізгі жолға бастауы азаттықты баянды ету, Тәуелсіздікті сақтау мақсатындағы тарихи сабақтастықтың көшелі көрінісі екені даусыз. Анығын айтқанда, біз аңғарған, біз тілге тиек етіп отырған сабақтастық – тек мәтін сәйкестігі емес, рух үндестігі.

Адамзат баласының ғана емес, адам баласына игілік нәсіп еткен жұмыр жердің жүрегі «Бейбітшілік. Азаттық» деп бүлкілдеп тұрғандай көрінеді. Өйткені, өртке шарпылып, дертке шалдыққан елдер аз емес жер бетінде. Олардың арасында қырғи-қабақ соғыстың салдарынан тәуелсіздігін айырылып қалып жатқандары бар. Алты құрлықты абдыратып тұрған геосаяси ахуал шиеленіскен бүгінгі дәуірдің сын-қатерге толы соқпағы соқтықпалы күйі кешіп тұр. Соның барлығынан сабақ алған біздің мемлекеттің саяси жүйесі дағдарыстан айналып өтіп, өзгерістерге шапшаң бейімделуде. Бүгінгі конституциялық реформа да – осы мұраттан туындаған тарихи қажеттілік.

Азаттық рухы ортақ арнаға тоғыстырған мүдделер сабақтастығы мен идея үндестігіне терең үңіле берсеңіз, тарихтың тереңнен тамыр тартып, күні бүгінге дейін өміршеңдігі көмескіленбеген ұлттық бағдарламалар аз болмағанына көз жеткізе бересіз. Мәселен, біз сөз етіп отырған Алаш көсемдері әзірлеген бағдарлама ұлттымызды ұлы мұратқа ұмтылдырған алғашқы құжат емес. 1911 жылы тікелей Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың тапсырмасымен заңгер Барлыбек Сыртанов жазып шыққан «Қазақ елінің уставы» деген конституциялық құжат болған. Өкініштісі сол, бұл құжат қабылданып та үлгермеген. Тағдырлы құжат.

1911 жылы 13 маусымда жазылып біткен ебекті патшалық империяның отарлау саясатына жән-тәнімен қарсы шыққан қазақ зиялылары енді жарияламақ тұста патша жандаралдары сезіктеніп, Барлыбек Сыртановтың соңына түседі. Оны Петербурдан қуғынға ұшыратып, еліне қайтарды. Өзіне зор қауіптің төнгенін сезген кәсіби заңгер Әлихан Бөкейханмен кенесе отырып, қазақтың тұңғыш Конституциясы саналған құнды құжатты жасырып тастайды. Бұл құжат туралы еш жерде айтылмайды, ешқандай баспада жарияланбайды. Тек еліміз тәуелсіздігін жариялаған жылдары ғана қайраткер Сыртанов мұрасын зерттеуші, профессор Сәкен Өзбекұлының ұсынуымен жарық көрген. Бағалы мұраны Барлыбек Сыртановтың үлкен қызы Қанипа басын қатерге тіге жүріп, жерге көміп сақтаған екен. Отызыншы жылдардың ойранында күрескерлік ұстанымы әшкере болған «Алаш» партиясы

көсемдерінің ісін жүргізген жеңдеттер әуелі осы Барлыбек жазған Уставты іздейді. Устав авторы өмірден озып кетсе де, НКВД жеңдеттері үшін бұл құжаттан келер қауіп зор болғанға ұқсайды. Ал, шын мәнінде өлгенде ғана әңгімемізге өзек болған «Алаш» партиясы бағдарламасының негізгі идеясы мен тұғырнамасы осы Уставтан алынған болатын. Сол үшін де НКВД-ға қажет болды.

Устав – 4 бөлім, 28 баптан тұратын толыққанды бағдарламалық құжат. «Кіріспе сөз» деп аталған преамбуласы бар нағыз Конституция. Біздің бүгінгі Ата Заңның жаңа жобасы «...келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз» деп басталса, Сыртановтың Уставы «Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы Уставты енгізеді» деген айқын мақсат сипатында ой орбіндеді. Міне, мүдде сабақтастығының зоры – осы.

Тарқатып-талдай берсек, Сыртанов Уставы мен бүгінгі жоба төңірегінде сәйкестік өте көп. Тіпті, билік тармағына біз өңтәгілі отырған «вице-президент» институты «Қазақ елі Уставының» 8-бабында «Қазақ елі Президентінің орынбасары – вице-президент. Ол Президент жоқ кезде орын басады, ал, бар кезде оның айтқанын орындайды» деген заңды норма шеңберінде нақтыланған.

«Қазақ елі Уставының» III бөлімі «Қазақ жері турасында» деп аталады. Осы бөлімнің үш бабында келтірілген жерге қатысты құқықтық нормалар біз талқылап жатқан жаңа жобада айна-қатесіз көрініс тапқан. Сыртанов Уставының 18-бабында «Қазақ жері өзінің меншігінде болады» делінсе, 20-бабы «Жердің кені, орман, суы, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, жерді өңдеу һәм жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару құқық рұқсатымен болады» деген талап қояды.

Тарихшы пікіріне жүгінемік. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Маржан Билалова:

– Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың тапсырмасымен Барлыбек Сыртанов әзірлеген «Қазақ елінің Уставы» еңбегін Қазақстанның тұңғыш Конституциясы деуге әбден болады. XX ғасырдың басында жазылған бұл құжат сол уақытта қабылданбағанымен, оның негізгі идеялары кейінгі Конституцияларда көрініс тапты. Алаш зиялылары қазақ елінің азаттығын, тәуелсіз ел болуын және өзге елдермен терезесі тең болуын қалады, армандады. Сонымен қатар, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғауды басты орынға қойып, осы мақсатты қамтамасыз ету үшін негізгі өзегі адами құндылықтарды қорғауға бағытталған басты құқықтық құжат Конституция қажет екенін айтты. Мұның барлығы – өзгермейтін идеялар мен көнермейтін құндылықтар еді. Алаш идеясы мен бүгінгі Ата Заң жобасы арасындағы үндестікке осы факторлар негіз болып отыр, – дейді. Санаға сіңімді, ақылға қонымды пікір.

Шынығында біз елес қуып жүрген жоқпыз. Біздің қоғам шыншайы идеяға негізделген тарихи сабақтастық желісінде көнені жаңартып, жақсыны жаңғырту мақсатына ұмтылуға. Идея көнерсе де, Тәуелсіздікті баянды ету мақсаты көнермейді! Ол Ата Заңымыздың 2-бабында: «Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді» деген құқықтық иммунитет негізінде айқындалған.

Ескі Конституция есіркеп, жаңа Ата Заң жарылқасын!

• ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛІ

Бұралқы ит басынып тұр

Уағында отар соңына ілескен Желдіаяқтар желдей қаулап, бүгінде назарды өзіне ілестіретіндей кейіп шығарды. Тіпті, қаңғы-бас иттің қанды ауызына түскен бала айқайын естісек, ығымызды қикаң еткізе, жүре тындайтынмызды қайтерміз?! Сонда мемлекет миллиондары неге құрдымға кетті? Жауаптылар неге жалтарады? «Көксеректер» неге көбейді? Бар кім өзімізде сынды.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығандаған шығыршықты шиыр республикалық сипат ала бастады. Алжыған тазыдай есірік күйдегі ит пен мысық қала көшесін көлегейлеп жүретініне екі көз әбден үйренген. Жат көріністі жауапкершілікпен қарау туралы Қазақстан Республикасы Заңы қабылданғалы қашан. Әйткенмен, заң бар да, оны іске асыратын жүйе жоқ тәрізді. Сүлесек жүйеде тәртіп те, жауапкершілік те болмайтын аян. Базынамыздың босан тұсы тек бұл емес. Жауапкершіліктен жалтару жайттары да жетіп артылады. Әр ведомство кінәні өзінен алыстатып, бір-біріне сілтеп әлек. Салдарынан қаңғып жүрген мыңдаған ит пен мысық, үрей құшағындағы бала мен үміті үзілген қаншама тұрғын бекерден-бекер сарсаңға түсті.

Салық төлеушінің құзыретті тарапқа қояр бір ғана пифагорлық сауалы бар. «Ақша қайда кетті?» деген. Былтыр аймақта қаңғыбас жануарлар санын «реттеуге» 173 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Ресми есепке сенсек, 3 282 ит ауланып, оның 2 933-і стерилизацияланып, вакциналанып, чиптеліп, қайтадан көшеге жіберілген. Тағы 349 ит «агрессивті» деп танылып, жойылған. Алайда, «Senim109» орталығына 3 463 азамат өтініш білдірген. Атаулы жүйе неге жемісін бермей тұр? Осы миллиондар Қарағандыны қауіпсіз етті ме? Жоқ. Көше бұралқы иттен аласталды ма? Жоқ. Қаңғыбас ит саны азайды ма? Жоқ. Керісінше, жағдай ұшығып барады. Қаражат бар, нәтиже тағы да жоқ!

Дігерлеген дәтті сұрауымызға Қарағанды облысының ветеринария басқармасының басшысы

Амандық Жақетаев гәп «бюджеттік рәсімдерде» екендігін аңдатты.

АЗВК («Аулау – зарарсыздандыру (стерилизация) – вакцинациялау – тіршілік ортасына қайта жіберу») бағдарламасын іске асыру жоспары аясында негізгі мәселе – бюджеттік бағдарламалар рәсімдерінің шамадан тыс күрделілігі. Яғни, бір бағдарлама төрт бөлікке бөлініп кеткен. Бұл мемлекеттік сатып алулар конкурстарын өткізу кезінде сан түрлі келдергілер туғызып, соның салдарынан бағдарламаның жүзеге асырылуының кешеуілдеуіне әкелуде, – деп атап өтті спикер.

Бір қарағанда, бәрі – орында. Мемлекет тарабы қаржы бөліп отыр, заң бар, тапсырма берілген. Ал, тасталған тақия жерге түспей тұр. Демек, мәселе қағазда емес, орындау барысында. Қатер тұтас қоғамға төнуе. Қарағанды облысының қоғамдық кеңесінің мүшесі Татьяна Савицкая болса, түйткілдік әлеуметтік салдарына назар аударады. Айтуынша, қатыгездікті қалыпты құбылысқа айналдыру – қоғамды моральдық тұрғыдан құлдыратудың төте жолы екен.

Кешенді тәсіл болмаса, біз мәселені шеше алмаймыз. Менің ойымша, біз адамдардың қауіпсіздігін бірінші орынға қойып, қандай шаралар жұмыс істемейтінін анық көре білуіміз керек. Парламент Мәжілісі деңгейінде де жануарлармен қарым-қатынасты қатаңдату шаралары қоса талқылануда, – деп бөлісті Татьяна Савицкая.

Байыптай бастасақ, жүйесіз, бақылаусыз, жауапсыз ортада үстірт қаталдық тәртіп орната қоймас. Тек бейберекетсіздікті күшейтеді. «Ал, мен кінәлімін бе?» дейтін шалақ сөйлем – жауапсыздық пәлсапасы. Есесіне



ең өткір сұрақ: «Егер ит баланы қапса, кім жауап бермек?». Мұны кім, қайдан білсін?!

«Қорғау» қоғамдық қорының өкілі және «Котокафе» басшысы Инна Радченко аталған заңның неге қауқарсыз сипат алғанын өзінше пайым қылды. Кінәні жеке адамнан іздеуден түк өнбейді. Мәселе – иттерді көшеге тастауға мүмкіндік беріп отырған жүйеде. Иесі жазасыз, бақылау жоқ, тіркеу формалды сипат алған. Демек, қаңғыбас ит – дағдарған қоғамның тікелей өз өнімі.

– Біз заңды енгізу тұрғысындағы жұмысты әуел баста тәп-тәуір бастадық. Жол картасы жасалды, бағдарлама тұжырымдалды, қоғамдық инспекторлар тағайындалды, жануарларды уақытша ұстау орталығы да салына бастады. Арада екі жыл өтті. Жол картасы құжатына әлі күнге дейін қол қойылмаған, жауапты басшылар кеңес жиынына қатыспаған, жұмыс кідірген, қаңғыбас жануарлар саны артқан. Қос үрей кеп аркалаган мерзімде қаңғыбас жануарлардың санымен бірге тұрғындар наразылығы қатар өсті. 332 миллионнан астам

бюджет қаражаты ысырап болды, – деді Инна Радченко.

«Сонда бағдарлама бюджетті «жеп қою» есебі ме?» дерлік ширекі ағытылмас тосын ойға ораламыз. Ең сорақысы – стерилизацияланған деп есептелетін иттердің күшіктеуі. «Сырғасы» бар иттің тоғыз күшік тууы – техникалық ақау емес шығар. Бюджет бүйіріндегі қыруар қаржы осылай «игеріліп» жатқандай әсер бар. Бір итке екі реттен қаржы бөлінеді. Бірде болса, «стерилизацияланады», кейін сол ит «агрессивті» деп атылып кетеді. Жүйе жүйке жұқартып тұр. Заң бар, жаза жоқтың қасы.

Дірмен тасын кері тартып көрелік. Осыған дейін жекелеген азаматтардан жануарларға қатыгездік көрсету жайы бойынша 3 463 өтініш түскен. Бар болғаны 19 адам ғана жауапқа тартылған. Полиция өкілдері бұған тұщымды жауап беруге асығар емес. 735 айыппұл – көрсеткіш үшін ғана жасалған әрекет секілді. Ит етін жеуге, ит төбелесіне тыйым салынғанымен, жықпыл-жықпылына үңілген жанды кезіктірмедік. Үнсіздік – қылмысқа тең. Қоғам

белсенділері нақты ұсыныстар айтып бағуда. Орталықтандырылған үйлестіру, әкім орынбасарының жеке бақылауы, тоқсан сайынғы есеп, мектептер мен ауруханалар маңында тыйым салынған аймақтар, рейдтер, түсіндіру жұмыстары... Қабақ астынан сынай қарағанымызбен, саяси ерік-жігер кімде болсын. Заңды бюрократия, немқұрайлық және жауапсыздық солқылдақ еткен. Көре-көре көр болған көзіміз, өре-өре сор болған сөзімізден жан шықты. Асылы, үміт кесілмес! Жақсылыққа үміт те, үгіт те етеміз!

Өзге ел проблеманы әлдеқашан тиімді жолмен шешіп қойған. Ең қызығы, көп мемлекет жаппай атуға немесе басқа да қатыгездік тәсілдерге сүйенбейді. Мысал ретінде Нидерландыны алайық. Осы ел – қаңғыбас иттер мәселесін бірде-бір жануарды өлтірмей толықтай шешкен әлемдегі алғашқы мемлекет. XIX ғасырда мұнда дүкендер мен питейханалардан ит сатып алуға өте жоғары салық енгізіліп, халықты жануарларды панажайлардан асырап алуға ынталандырды. Бұған

қоса, CNVR бағдарламасы (Catch-Neuter-Vaccinate-Return – ұстау, стерилизациялау, вакцинациялау және қайта жіберу), барлық үй жануарларын міндетті түрде чиптеу және жануарды тастап кеткендерге қатаң айыппұлдар енгізуге мәжбүр етті. Бүгінде Нидерландыда қаңғыбас иттер іс жүзінде тіркелмеген. Есесіне жауапты иелік мәдениеті қоғамның қалыптасуына айналды. Ит иелері арнайы курстардан өтеді. Қоғам жануарларға жауапкершілікпен қарау бойынша ақпараттық науқандарға белсенді қатысады.

Германияда талаптар одан да қатаң. Швейцария мен Данияда иттерді жаппай стерилизациялау жүргізілмейді. Бірақ, қатаң тіркеу, көбейуді бақылау және жыл сайынғы салық жүйесі шамадан тыс көбеюдің алдын алады. Билік, ветеринарлар және FOUR PAWS сияқты ҰЕҰ арасындағы ынтымақтастық жоғалған иттерді тез тауып, көшеге кетуіне жол бермейді. Ұлыбритания теппе-теңдіктің қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. 2015 жылдан бері иттерді чиптеу міндетті, ал, жергілікті билік қаңғыбас жануарларды ұстап, жеті күн бойы иесін іздейді. Егер иесі табылмаса, иттер панажайларға беріледі. Үй табылмаған жағдайда гумандық эвтаназия қолданылуы мүмкін. Бұл – ең соңғы шара.

Жапония технология мен дәстүрді ұштастыра білді. Мұнда ұсталған иттер карантиннен өтіп, вакцинацияланып, арзан ветеринарлық клиникаларда стерилизацияланады. Үкімет асырап алу арнайы қосымшалар мен ақпараттық науқандар арқылы кеңінен насихаттайды. Бұрынғыға қарағанда эвтаназия сирек қолданылады. Бастысы – мәдени өзгеріс: жапон қоғамы итті «қалдық» емес, серік ретінде қабылдайды.

Мағыналы мысалдар нені көрсетеді? Табыс кілті тек қаржыда емес (әрине, бюджет бар), ең бастысы, тұнжыратпас кешенді тәсілде. Біз үшін бұл – айқын сабақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қыс қаһары: шаруалар – шарасыз

Жылқы жылының қысы өзінің тұяғындай қатты болып отыр. Ақпанда құйған ақ жауынға ауылдағы ағайынның күйі – «алаң да, алаң, алаң жұрт». Тебіндеп жайылатын жылқы қолға қарап жатыр. Жалпы, шаруалар Арқаның алты ай қысында қысылмай шығатын түліктің кейінгі жылдары «жанын» әзер бағып қалып жүр.

QASYMZHAN BURYKTULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылқы қолға қарап жатыр

Шет ауданы, Көктіңкөлі ауылындағы «Фриден» шаруа қожалығының басшысы Анатолий Гуреев биылғы қыс жылқы ұстаған ағайынға оңай тимей отырғанын айтады. Оның сөзінше, ақпан айының басында жауған алғашқы жаңбырдан кейін дала мұз болып қатып, жағдай күрт қиындаған.

– Ақпанның басындағы жаңбырдан кейін жайылым көктайғаққа айналды. Содан бері жылқыны толықтай қолға қаратып отырмыз. Қордағы шөпті беріп жатырмыз. Күніне шамамен бір тонна шөп кетеді. Оған қоса аз-аздан бір қап жем шашамыз. Қысқа қажетті азықты уақытында қамдап алғанбыз, соның арқасында дәзірге шыдап тұрмыз, – дейді қожалық басшысы.

Бүгінде шаруашылықта үш үйір жылқы қолда тұр. Табиғи тебіндеуге мүмкіндік болмаған соң, барлық салмақ жемшөп қорына түсіп отыр. Далаңың өзі мұз, мал еркін жайыла алмайды. Бұл тек бір қожалықтың мәселесі емес.

– Ауыл тұтас осындай жағдайда. Көрші ауылдағы ағайын да малын қолға қаратып отыр. Былтыр да қыс қатты болған, биыл да қайталанып тұр. Жалпы, соңғы жылдары жылқы өсіру тиімсіз болып барады. Шығын көбейді, табиғаттың мінезі құбылмалы, – дейді Анатолий Гуреев.

Шаруаның айтуынша, жемшөп бағасының өсуі мен ауа райының қолайсыздығы кәсіптің табыстылығына кері әсер етуде. Дегенмен, ата кәсіптен бас тарту ойда жоқ. «Мал аман болса, береке де болады» деген сеніммен еңбек етіп отырған шаруалар үшін бастысы – қыстан шығынсыз шығу.

«Шығын өтейтін бағдарлама керек»

Агросарапшы Аспандияр Сейсен ақпан айындағы ақ жауын, көктайғақ, мұз Арқа шаруалары үшін кездейсоқ құбылыс болмай қалды дейді.

– Бұл – соңғы жылдардағы климаттық құбылмалылықтың көрінісі. Жылқы – табиғи тебінге бейімделген мал, бірақ жаңбырдан кейінгі мұзға жылқы тұяғы батпайды. Қазір қожалықтар күніне тонна-тонна шөп беруге мәжбүр, азық қорын толық пайдалану үшін қосымша жемге тәуелді. Мұндай қарқынмен қор ұзаққа жетпейді, мал әлсірейді, жарақат алу қаупі өседі. Соңғы жылдары жылқы өсіру экономикалық тұрғыдан күрт қиындап барады. Жемшөп қымбат, ауа райы тұрақсыз, өнім өткізу жолдары әлсіз. Егер, мемлекет бұл саланы стратегиялық деңгейде қолдамаса, шағын қожалықтар біртіндеп қысқарады. Жылқы – тек ет немесе қымыз көзі емес, ұлттық бренд, ауыл экономикасының тірегі. Мәселені нарыққа қалдыруға болмайды. Әуелі, мемлекет қауіпсіздігін реттеу керек. Әр облыста тұрақтандыру

қорын құрып, төтенше жағдайда шаруаларға арзандатылған шөп пен жемді заңды түрде ұсыну. Екіншісі – климаттық сақтандыру. Дәл осындай қиын қыс, қуаңшылық сияқты табиғи апаттардан келетін шығынды өтейтін тиімді бағдарламаларды енгізу. Қазіргі жүйе толық емес. Субсидиялау саясатын қайта қарау керек. Жылқы еті мен қымыз өндірісін нақты ынталандыратын шаралар енгізу. Кооперативтерді қолдау арқылы өнім өткізу тізбегін қолға қою. Жайылым инфрақұрылымын дамытуды да қолға алатын кез жетті. Құдық қазу, су көздерін қалпына келтіру, ықтасын базалар салуға гранттық қолдау тетігін қарастыру керек. Бүгінгі қиындықтар уақытша емес. Климат құбылып тұр. Сондықтан, шаруаларға бір маусымдық көмек емес, ұзақ мерзімді бейімделу бағдарламасы қажет. Дұрыс жоспарлау мен мемлекеттік қолдау болса, жылқы шаруашылығы қайтадан табысты, стратегиялық салаға айналады. Басты мақсат: қыстан малды шығынсыз шығарып қана қоймай, саланың болашағын сақтап қалу, – дейді Аспандияр Сейсен.

Ақпанның соңына дейін аяз

«Қазгидрометтің» Қарағанды облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Береке Әбілдаулының айтуынша, өңірде ақпан айының соңына дейін қыс ызғары сақталады. Синоптиктердің болжауынша, алдағы күндері жауын-шашын күтілмейді, ауа райы негізінен құрғақ болады.

Түнгі уақытта ауа температурасы облыстың басым бөлігінде – 25-30 градус аязға дейін төмендейді, ал шығыс аумақтарда сынап бағаны – 33 градуска



дейін түсуі ықтимал. Облыстың оңтүстік бөлігінде түнгі суық – 13-18 градус шамасында болады. Күндізгі ауа температурасы өңір бойынша – 15-20 градус аязды көрсетсе, оңтүстікте – 5, –10 градусты болжап отыр.

Сондай-ақ, желдің жылдамдығы секундына 23 метрге дейін жетуі мүмкін. Ертеңнен бастап облыстың оңтүстігінде қар жауу ықтималдығы бар. Соның салдарынан кей аумақтарда мұз қатып, көктайғақ қалыптасады.

Мамандар мұндай ауа райы жағдайы жол қозғалысына да, мал шаруашылығына да қолайсыз екенін ескертеді. Қатты аяз бен көктайғақ жылқы малының жайылымдағы қозғалысын қиындатып, қосымша жемшөп беру қажеттігін арттыруы мүм-

кін. Сондықтан, синоптиктер тұрғындарды сақтық шараларын күшейтіп, ауа райы болжамдарын қадағалап отыруға шақырады.

Малдың амандығы – ауылдың бүтіндігі

Былтырғы қыстан бірнеше шаруа қожалық төл ала алмай қалды. Жабағы-тайлар көтерем болды. Міне, биылғы қыстың соңында қар жауып, тағы да жылқы қолға қарап, фермерлерді қыспаққа алды. Ауылда шөп бағасы шарықтады. Амалы жоқ ауылдағы ағайын жылқысын қыстан шығару үшін бағаға қарайтын мұршасы жоқ. «Жұттың бұл да – бір түрі», дейді жұрт. Осылайша, қыстың қаталдығы

малға ғана емес, ауылдың тіршілігіне де сынақ болып отыр. Жылқының амандығы – шаруаның амандығы, ал шаруаның тіршілігі – ауылдың тірегі. «Бұл қиындықтарды жеке қожалықтардың мойнына артып қойған жарамайды», – дейді фермерлер. Тұрақты жемшөп қоры, климаттық сақтандыру, субсидия және инфрақұрылымдық қолдау арқылы ғана шаруалар қыс мезгілінен шығынсыз өтіп, жылқы шаруашылығы аяғынан тік тұрады.

Сондықтан, басты міндет – малдың амандығын қамтамасыз ету арқылы ауылдың бүтіндігін сақтау. «Ендігіде қыстың қиындығы – мемлекет пен шаруаның ортақ жауапкершілігінде болса», – дейді шарасыз шаруалар.

Тегін оқу, тұрақты жұмыс



«AMANAT» партиясының қалалық филиалы мен «Sapsan-2050» оқу орталығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжаттың басты мақсаты – теміржол саласына қажетті мамандарды тегін даярлау және аз қамтылған, жұмыссыз азаматтарды қысқа мерзімді оқыту курстарына тарту.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі бастама аясында партияның қоғамдық қабылдауына жүгінген тұрғындар арнайы іріктеуден өтіп, теміржол саласы бойынша білім алады. Үш айлық курстар машинист көмекшісі және салаға қажетті өзге де мамандықтарды қамтиды. Оқу аяқталған соң тыңдаушыларға тиісті сертификат немесе диплом табысталады, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндігі артады. «Sapsan-2050» ЖШС директоры Бауыржан Алтынбековтің айтуынша, бұл жоба – әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға нақты көмек көрсетуге бағытталған.

– «AMANAT» партиясының бастамасымен Балқаш қаласына арнайы келдік. Негізгі мақсатымыз – жағдайы төмен отбасыларды оқытып, кейін тұрақты жұмысқа орналастыру. 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды. Бұл бастама – сол саясаттың заңды жалғасы. Қазіргі таңда жұмыс берушілер де қызығушылық танытып отыр.

Біз үшін ең бастысы – қарапайым халықтың қамы, – деді ол.

Өз кезегінде партияның қалалық филиалының атқарушы хатшысы Дидар Бейсенов меморандум аясында жылына 10 адамға дейін тегін оқыту жоспарымен отырғанын жеткізді.

– Қарағанды қаласынан арнайы келген оқу орталығының басшысымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Бұл – екіжақты серіктестік аясындағы нақты қолдау. Партияның қоғамдық қабылдауына теміржол саласы бойынша қысқа мерзімді курстарға қатысу жөнінде көптеген азаматтар жүгінеді. Енді, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілетін болады, – деді Дидар Бейсенов.

Айта кетейік, жоба аясында оқуды сәтті аяқтаған азаматтарға арнайы диплом табысталады, жұмысқа орналасуына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бұл бастама өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, еңбек нарығына білікті мамандар даярлауға серпін бермек.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Ғарышқа жетелейді

Ай мен Күнге көз салып, олардың пайда болуы мен қозғалысының сырын тануға деген қызығушылық адамзатта ежелден бар. Ғарыштың шексіздігі адамды бейжай қалдырмайды. Осындай қызығушылық мені де физика ғылымына бет бұрғызады.

Физика – ғарыш әлемінің тілін түсіндіретін ғылым. Планеталардың өз орбитасымен қозғалысы, зымырандардың ғарышқа көтерілуі, жасанды серіктердің Жерді айналуы – барлығы физика заңдарына негізделеді. Сабақ барысында физика пәнінің мұғалімі Айнур Маратовның жетекшілігімен Ньютон заңдары, тартылыс күші және энергияның сақталу заңы зертделіп, олардың ғарыш зерттеулеріндегі маңызы терең түсіндіріледі. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ерлігі ерекше шабыт береді. Оның ғылымға деген құштарлығы мен табандылығы – ғарышқа жол ашқан жарқын үлгі. Болашақта физик немесе ғарыш инженері болып, жаңа технологиялар жасап, ғарышты зерттеуге үлес қосу – негізгі мақсаттарымның бірі.

Ғарыш ғылымы – адамзат болашағының маңызды бағыты. Жердің жасанды серіктері байланыс жүйесін дамытуға, ауа райын болжауға және экологиялық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Осы себепті физика мен ғарыш саласын меңгеру – жеке мақсат қана емес, ел дамуына қосылатын үлес ретінде болмақ. Болашақта ғарышты зерттейтін ғалым атанып, Қазақстан ғылымын жаңа белеске көтеруді көздеймін. Ғарыш – қол жетпес арман емес, білім мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде жүзеге асатын зор мүмкіндік.

Ислам ҚАНАҒАТОВ,
Жамбыл атындағы
мамандандырылған
мектеп-лицей-интернатының
10-сынып оқушысы

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖИ медицинаға дем берді

Жасанды интеллект бүгінде адам өмірінің барлық саласына дендеп еніп келеді. Медицинада оның мүмкіндігі нақты нәтижелермен дәлелденуде. Өңірде ұрықтың сирек кездесетін туа біткен ақауы – spina bifida-ны ерте анықтауға бағытталған пилоттық жоба іске қосылмақ. Жоба аясында ультратыбыстық зерттеу суреттерін талдайтын жасанды интеллект жүйесі дәрігерлерге қосымша көмекші құрал ретінде қолданылады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пилоттық бастама «Yandex Qazaqstan» компаниясы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының бірлесуі арқылы жүзеге аспақ. Жоба облыс әкімдігінің қолдауымен қолға алынған. Жүйе «Yandex Cloud» платформасының инфрақұрылымына және «Қоғам үшін технологиялар» орталығының сараптамасына сүйеніп отырған. Нейрожелі жүкті әйелдердің 11-14 апталар аралығындағы алғашқы скрининг кезінде алынған УДЗ суреттерін талдайды. Маңыздысы сол, қосымша

медициналық жабдық талап етпейді. Емханаларға тек бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылады. Жүйе суреттерді өңдейді, ал, науқастардың жеке деректері қолданылмайды. Деректерді сақтау мен өңдеу, сондай-ақ, модельдерді оқыту бұлтты технологиялар арқылы жүргізіледі.

– Біздің медициналық ұйымдарда цифрлық инфрақұрылым жүйелі түрде жанарғылып келеді. Қарағанды облысы денсаулық сақтау саласын цифрландыру бойынша алдыңғы қатарда. Бұған дейін өңірде Damused медициналық аппараттық жүйесі және Міндетті әлеуметтік медициналық



сақтандыру қоры аясындағы жолдау табысты іске асырылғаны көпшілікке мәлім. Скринингтік зерттеулер толықтай цифрлық форматта жүргізіледі, бұл жасанды интеллектті енгізуге мүмкіндік береді. Пилоттық жоба ең алдымен, диагностиканың сапасын арттыруға бағытталған. Ерте кезеңде патологияны анықтау ана мен бала денсаулығын сақтау-

да шешуші рөл атқарады. Сондықтан, біз бұл бастаманы өңірлік медицина үшін маңызды қадам деп есептейміз, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы Ана және бала бөлімінің басшысы Аслан Теміров.

Пилоттық кезең Қарағанды қаласындағы №3 емханадан басталады. Бір апта бойы компания мамандары дәрігерлерге арнайы

оқыту жүргізеді. Кейін жүйе кезең-кезеңімен облыстың барлық скринингтік УДЗ жасайтын емханаларына енгізіледі.

– Нейрожелі дәрігердің орнын басапайды, ол тек көмекші құрал ретінде жұмыс істейтін ескерсек, соңғы шешімді әрдайым дәрігердің өзі қабылдайтынын есте естен шығармау керек. Жасанды интеллект УДЗ суреттерін мұқият қарап, адам көзі аңдамай қалған ұсақ өзгерістерге назар аударуға жәрдемдеседі. Бұл ерте кезеңде күмәнді белгілерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз – мамандардың жұмысын жеңілдетіп, диагноз қою дәлдігін арттыру, – деді «Yandex Qazaqstan» технологиялар орталығының басшысы Анна Лемякина.

Spina bifida – ұрықта омыртқа мен жұлынның толық қалыптаспауымен сипатталатын туа біткен ақау. Ол шамамен жаңа туған нәрестенің мыңнан біреуінде кез-

деседі. Ауру асқынса параличке, ішкі ағзалар қызметінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Ерте диагностика жүктіліктің 26-шы аптасына дейін жаттырылуы хирургиялық араласу жасауға мүмкіндік береді және баланың өмір сапасын айтарлықтай жақсартады.

Жобаны іске асыру идеясы «Спина бифида» қоры тарапынан көтерілген. Сондай-ақ, технологияны апробациялау үдерісіне В.Кулаков атындағы Ұлттық акушерлік, гинекологиялық және перинатологиялық ғылыми-зерттеу орталығы сарапшылары қатысқан.

Алдағы уақытта аймақта бастау алған пилоттық бағдарламаның нәтижелері талданып, тиімділігі дәлелденген жағдайда жоба еліміздің өзге өңірлеріне де өрістеуі мүмкін.

Сурет денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінен

Жалған жарнама жарға жығады



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бір кезде алдымнан брендтік тауарларға 70 пайыз жеңілдік жариялаған жарнама шықты. Парақшасы сапалы. Бейнероликтері кәсіби түсірілген. Пікірлер толып тұр. Сенімсіздік тұдыратын ештеңе жоқ еді, – дейді ол. Қызығып, сілтеме арқылы өтіп, нөмірін қалдырған. Көп ұзамай қоңырау түседі. Арғы жақтағы «менеджер» асықтырады: «Акция аяқталмайын деп тұр», «тауар шектеулі», «қазір төлесеніз ғана жеткізіп береміз» деп ойлануға уақыт бермеген. «Қомақты соманы аударып жібердім. «Төлем қабылданды» деген хабарлама келгенде көңілім орнына түсті. Бірақ, үш күн өтті. Бір апта өтті. Хабар жоқ. Қоңырау шалсам, нөмір сөндірілді. Парақшаға кірсем, бұғаттап тастаған. Сонда ғана алданғанымды түсіндім», – дейді Маржан. Полицияға арыз жазған. Бірақ, ақша қайтпаған. Бұл – бір ғана оқиға. Осындай мазмұнмен жұмыс істейтін жүздеген фейк-парақша бар. Интернет-алайықтың қазіргі формасы дәл осындай қарапайым. Психологиялық қысым арқылы қан қақсатып кетеді.

ЖИ дәуіріндегі алаяқтық

Егер бұрын алаяқтық жалған жарнамамен шектелсе, қазір ол технологиямен түлеп, күшейе түсті. Былтырғы деректер интернет-алайықтың тек саны ғана емес, схемасы да өзгергенін көрсетеді. Облыстың полиция департаментінің мәліметінше, алаяқтық схемалардың ішінде жалған инвестициялық платформалар, өзін банк немесе құқық қорғау органы қызметкері ретінде таныстыру, фейк-дүкендерден бөлек, жасанды интеллект көмегімен жасалған жазбалар мен жалған дауыс арқылы алдау фактілері көбейген. Ашық интернет ресурстағы сарапшылардың айтуынша, қазіргі алаяққа адамның жеке суреті немесе әлеуметтік желідегі қысқа бейнежазбасы жеткілікті. Арнайы бағдарламалар арқылы дауысын көшіріп, бет-бейнесін «тірілтіп», шынайы көрінісін бейнематериал жасау қиын емес. Мұндай материалдарда танымал тұлғалар «инвестицияға шақырады», «лотерея ұтып алдыңыз» дейді немесе «жедел ақша аудару керек» деп сөйлейді. Бұл классикалық алдаудан әлдеқайда қауіпті. Өйткені, адам мың таныс бейнеге, таныс дауысқа автоматты түрде елігіп, сенеді. Соңғы жылдар мұғдарында жұлдыздардың атын жамылып жасалған жалған жарнамалар жиілеген. Белгілі әнші Сәкен Майғазиевтің есімімен жасанды интел-

лект арқылы казино жарнамасы тарағаны да – соның бір мысалы. Өншінің өзі бұл видеолардың жалған екенін мәлімдеп, халықты сақ болуға шақырды. Мәселе мұнымен бітпейді. Депутаттар мен сарапшылар соңғы бір-екі жылда интернет-алайықтық 20-25 пайызға өскенін айтып, дабыл қағып-ақ жатыр. Яғни, технология дамыған сайын, алаяқтық та жетіле түскен.

Заң бар. Бірақ...

Бүгінде белең алған бұл түйткілді көбісі жай әдепсіздік деп ойлап қалар. Мүлде олай емес. Оның артында нақты құқықтық жауапкершілік тұр. Заңгер Кәмшат Мейірбекқызының айтуынша, мұндай әрекеттердің құқықтық бағасы екі түрлі сипатта болуы мүмкін. – Егер жарнама тұтынушыны жаңылыстырып, бірақ, тікелей мүліктік залал келтірмесе, ол Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша «көрінеу жалған жарнама» ретінде қаралады. Мұндай жағдайда айыппұл салынады. Ал, егер түпкі мақсат – алдау арқылы ақша иемдену болса, онда бұл Қылмыстық кодекстің 190-бабы, яғни «Алаяқтық» бойынша жауапкершілікке тартылады, – дейді заңгер. ҚК 190-бапта бөтеннің мүлкін алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы иемдену қарастырылған. Өйткенмен, заңның бар болуы – оның әрдайым іске асатынын білдірмейді.

– Мәселе – нақты дәлелде. Көп жағдайда алаяқтар шетелдік серверлерді, жалған аккаунттарды, уақытша SIM-карталарды пайдаланады. Ақша бірнеше делдал шот арқылы өтеді. Нәтижесінде қылмыскерді анықтау күрделене түседі. Кейбір істер бойынша күдіктіні табу мүмкін болмай қалады, – дейді Кәмшат Мейірбекқызы. Тағы бір түйткіл – жалған жарнаманың кейде «тәуекелге тұрарлық» бизнеске айналуы.

– Айыппұл мөлшері кейбір алаяқтар үшін қорқынышты емес. Олар бір парақша ашып, жүздеген адамнан ақша жинайды да, парақшаны жоя салады. Жауапкершіліктен жалғару схемалары жетілдірілген. Сондықтан, құқықтық реттеу де технологиямен қатар дамуы тиіс, – дейді ол.

Алданудан сақтайтын «15 минут»

Заң бар. Жаза бар. Ақпарат жеткілікті. Десе де, интернет-алайықтық азаймай отыр. Неге? Психолог Фируза Берікқызы бұл құбылысты қаржылық қылмыс ретінде ғана емес, психологиялық мани-

пуляция ретінде қарастыру керек дейді. – Қазіргі интернет-алайықтық – жай алдап, арбау емес. Бұл – адамның эмоциясына, қорқынышына және үмітіне әсер ету арқылы жасалатын ықпал. Алаяқтар ең алдымен, адамның әлсіз тұсын іздейді. Әлеуметтік желілер «мінсіз өмірдің витринасына» айналды. Қымбат көлік, шетелде демалыс, брендтік заттар – бәрі қолжетімді болып көрінеді. Адамда салыстыру механизмі іске қосылады. «Олар істеп жүр, мен неге істемеймін?» деген ой пайда болады. Осы тұста алаяқтар «тез бәюдың жолдары», «оңай табыс», «ерекше мүмкіндік» деген уәделерді алға тартады, – деді ол. Психолог үш негізгі манипуляциялық тетікті атап өтті. Біріншісі – үрей мен асығыстық. «Шотыңыз бұғатталады», «Тек бүгін ғана», «Соңғы мүмкіндік» деген сөздер адамның жүйкесіне қымсын жасайды. Стресс жағдайында ми логикалық талдауды уақытша тоқтатып, тез әрекет етуге көшеді. Екіншісі – сенім және бедел. Танымал тұлға немесе «банк қызметкері» сөйлегенде, адам оны автоматты түрде қауіпсіз деп қабылдайды. Бұл – психологиядағы беделге сену феномені. Үшіншісі – тегін олжа иллюзиясы. Адам табиғатынан «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп, аз шығынмен көп нәтиже алғысы келеді.

– Ең бірінші, тісқаққан алаяқтар сіздің қартаңызға емес, эмоцияңызға шабуыл жасайды. Егер адам эмоциямен шешім қабылдаса, ол қорғаныс механизмін әлсіретеді. Мұндай сәтте, ең алдымен, «15 минут» ережесін ұстану маңызды. Кез келген шешім алдында үзіліс жасап, ақпаратты қайта тексеру керек. Өз-өзіңізге сауал қойыңыз. Маған бұл несімен тиімді? Егер асықтырып жатса, демек, бір шикілік бар, – дейді психолог. Шынында, бүгінгі алаяқтық адамның сабырлы, сенімін сынап, ақшасын қағып алады.

Түйін

Интернет – мүмкіндік алаңы. Өйткенмен, ол сенімге құрылған кеңістік екенін естен шығармау керек. Ал, сенім күйресе, кез келген жарнама тұзаққа әп-сәтте түсіреді. Алаяқтар технологияны менгерді. Ендеше, қоғам да сауаттылықты менгеруі керек. Қаржылық қырағылық, құқықтық білім, психологиялық тұрақтылық – бүгінгі қорғаныс қалқаны. Желіде бәрі рас көрінеді. Десе де, сақтық үрейімен емес, саналы таңдаумен өлшенетінін ұмытпайық.

• МӘСЕЛЕ

ҚЫСҚЫ СПОРТТЫ ДАМУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Сонау жылдары алып империя атанған Кеңес үкіметі дәуірлеп тұрған тұста, Қарқаралы тауының бөктері қысқы спорттың думанды ордасына айналған еді. Ақ ұлла жамылған қыраттарда кеңес дәуірінің спортшылары шаңғы теуіп, дайындығын дәл осы жерде пысықтайтын. Сол кезеңде Қарқаралының қысқы спорттың даңқы алысқа тарап, одақ көлемінде айрықша аталатын еді.

Алайда, тарих бір орында тұрмайды. Кеңес үкіметі ыдыраған соң, сол кезеңнің жарқын дәуірі келмесе кетті. Қарқаралыдағы қысқы спорттың бұрынғы қарқыны бәсеңдеп, шаңғы жолдары қарға көмілді. Сол дәуірдің дүбірін бүгінгі ұрпақ естисе, сенер ме екен?

Бүгінде Қарқаралы спортын қайта түлету мәселесі күн тәртібіне шыққаны рас. Қысқы спортты жандандыруға деген ниет те, талпыныс та бар. Алайда, игі бастамалардың жолындағы үлкен бір мәселе – инфрақұрылымның жоқтығы, манның ташылығы кедергі болып тұр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басты мәселе – инфрақұрылымның жоқтығы

Қарқаралы ауданында жалпы саны 30 мыңға жуық халық бар десек, оның 12 мыңға жуығы спортпен айналысады екен. Бұл шамамен 41 пайыздық көрсеткішті құрайды. Бұның ішінде қысқы спорт түрлерін серік еткендер де бар. Енді Туризм және спорт министрлігі бекіткен дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында бұқаралық спортпен айналысатындар үлесін 50 пайыздан асыру көзделген.

Аудан орталығында жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істеп тұр. Алайда, бұл білім ошағы тікелей облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына қарайды. Бүгінде осы спорт мектебінің қабырғасында қысқы спорт түрлерінің ішінен тек шаңғы спорты ғана жүйелі жұмыс істеп тұр.

– Қарқаралыда үйірме жұмыс істеп тұрғанымен, арнайы шаңғы базасы жоқ. Ауылдық мектептерде білім бөлімі арқылы шаңғы үйірмесі ашылып, дене шынықтыру мұғалімдері жаттығу өткізуде. Шаңғылар алынған. Дайындық жұмыстары мектеп ауласында ұйымдастырылып жүр. Бізге аудан орталығына шаңғы базасы керек-ақ. Осы бағыттағы жобаны тиісті органдарға жолдадық. Біз мұндай жобаларды өз деңгейімізде қаржыландыра алмаймыз. Оған бюджетіміз жетпейді. Сонымен қатар, «кәсіпті дамытамын», «қысқы спортқа үлес қосамын» деген қызығушылық танытқан кәсіпкерлер де болмай тұр, – деді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ербол Иксанов.

Қарқаралы өңірінде қысқы спорттың қайта жандануына түрткі болған жандардың бірі – осы өлкенің тумасы Думан Бейсенаев. Ол 2017 жылы жеке кәсіпкер ретінде аудан орталығында шаңғы шаңғы базасын ашып, өз кәсібін дөңгелете бастаған. Базадан өзі инструктор болып, балалар мен жасөспірімдерге шаңғы тебуді үйретті. Шаңғы, сноуборд және тюбинг құралдарын жалға беріп, жастарды қысқы спортқа баулыды. 2022 жылы ауданда жасөспірімдер спорт мектебі ашылып, ол жерде шаңғы үйірмесі құрылды. Осы үйірмеге Думан Бүркітұлы жаттықтырушы болып барған. Содан бері талай шәкірт тәрбиеленді. Алайда, негізгі түйткіл әлі шешілмеген. Басты мәселе – инфрақұрылымның жоқтығы. Думан 2017 жылдан бері жаттығуға арналған жер телімін заңдастыра алмай келетіндігін айтып берді.

– Біз Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркке қарасты аумақта орналасқанбыз. Сондықтан, же-

ргілікті әкімшілік, парк басшылығымен жыл сайын келісімге отырып, 2017 жылдан бері жерді қыс мезгіліне ғана алып отырмын. Енді базаны кеңейтіп салайық десек, әлі жер қарастырылмаған. Биыл «конкурс болады» дейді. Сол конкурсқа қатысып, жер алсақ, шаңғы базамызды кеңейте аламыз. Бұған дейінгі аудан әкімдері Ұлттық табиғи парктің меншігіндегі жерді бере алмайтындықтан, әкімшілікке тиесілі басқа жерлерді ұсынды. Алайда, шаңғы спорты – ойлы-қырлы, жоталы жерді қажет етеді. Спортшыларымыз жоғары көтеріліп те, төмен құділап та сырғанауы керек. Сондықтан, ол ұсыныстан бас тарттым, – деді Думан Бейсенаев.

Ұлттық табиғи парк аумағында «Бес кіреберіс» деп аталатын аймақ бар. Дәл қазіргі шаңғы базасы «Бірінші кіреберісте» орналасқан. Кезінде Кеңес үкіметінің спортшылары дәл осы жерде дайындалып, биік нәтижелерге қол жеткізген екен. Ал, «Бесінші кіреберісте» бес шақырымдық трасса бар. Бұл трассаның өзі де сол кеңестік кезеңде спортшыларға арналған жүйелі маршрут ретінде жасалған.

– Кеңес үкіметі құлдырағаннан кейін керемет жаттықтырушылардың бәрі көшіп кетті. Сол кезде жаттықтырушылардың бәрі немістер еді. 90-жылдары әкем Пионерлер үйінде тоғызқұмалақтан жаттықтырушы болды. Сол жылдары тоқырау орнап, Пионерлер үйі жабылғанда құрал-жабдықтың бәрі таратылып кетеді. Сол кезде әкем маған бір шаңғы әкеліп берген. Сол шаңғымен дайындалып, үйрендік. Кейін ол шаңғы сынып, бізге арман болып қалды. Араға біраз уақыт салып, әскерден келген соң шаңғы спортын қайта қолға алып, осы спорт түрін жандандыруды мақсат тұттым, – деді ол.

Шаңғы трассаларын тазалайтын арнайы техника жоқ. Оның орнына көліктің дөңгелектерін бір-біріне байлап, моторлы қар шанасымен (снегоход) тартып жол ашып отыр. Дегенмен, тазаланған жолдар стандартқа мүлдем сай емес. Өйткені, кәсіби трасса – түп-түзу болуы қажет. Одан бөлек, бірнеше жылдар пайдаланылмаған жерлерде ағаштар өсіп, трассаны тарылта бастаған. Бұл да спортшылар үшін кедергі. Алдағы уақытта парк басшылығымен келісіп, бөгет болып тұрған кәрі ағаштарды алып тастауды жоспарлап отыр. Бірақ, бұған да келісім алу қажет екен.

Мүмкіндік бар, қолдау жоқ

Бүгінде Қарқаралыда қысқы спортты дамыту мақсатында түрлі турнирлер ұйымдастырылуда. Оларды өткізуге аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен жасөспірімдер спорт мектебі қаржылық қолдау көрсетіп келеді. Сонымен қатар, қажетті құрал-жабдықтар мен трассаны

тазалауға арналған моторлы қар шанасы да осы қос мекеменің бюджетіне алынған.

– 2024 жылы спорт мектебі бізге бағасы 3,5 млн теңге тұратын алты шаңғы алып берді. 2025 жылы жаңартпадық. Көбінесе жарыстарға қатысып, шәкірттеріміздің шеберлігін шыңдадым. Ал, биыл қар мотоцикліне тіркелетін қар тегістегіш құралды алып береміз деп отыр. Тағы бір мәселе, кешкілік уақытта жаттығу жасайық десек, қараңғы түсіп кетеді. Сол уақытта жаттығу жасау қиынға түседі. Орман іші қараңғы. Енді өзіміз дайындалатын 1,5-2 шақырымдық жерге жарық



мектебінің ғимараты бар. Өткен жазда толықтай реконструкция жасалды. Алайда, сол ғимаратта арнайы шаңғышыларға зал жоқ. Шаңғышылар үнемі далада жүре бермейді. Оларға да физикалық тұрғыдан дайындалу қажет. Ал,

гін айтып өтініш жолдағанбыз. Бұл жобаның өзі қыруар қаржы тұрады. Бұдан да кері байланыс келген жоқ.

Аудан бойынша №1 мектепте ғана хоккей алаңы бар. Оның өзі 2012 жылы ашылған. Сол

өтті. Ауылдарда шаңғы үйірмелері жоқ. Ал, ауыл жастарының назары қалаға ауған. Осы мәселені шешу мақсатында өзі өткен жылдан бастап «Қарқаралы ауданының кубогы» пилоттық жобасын бастапты. Биылғы турнирді үш кезеңге бөлген. Яғни, бірінші кезеңді Қарқаралыда, екіншісі Қарағаш ауылында өтсе, үшінші кезеңді Томар ауылында ұйымдастырған. Алдағы уақытта жобаны Қасым Аманжолов ауылында өткізу жоспарланып отыр.

– Қарқаралыда қала статусы болғандықтан, жас мамандарды тарту қиынға соғып тұр. Оларға спорт саласы бойынша көтерме және үстеме жәрдемақылар төленбейді. Жастардың ауылға келіп, уақыттарын құр өткізгілері келмейтіндігінің бір себебі де осы. Сонымен қатар, аудандағы дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің басым бөлігі – зейнет жасына таяп қалған жандар. Ал, оларды алмастыратын жастар жоқ, – деді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ербол Иксанов.

Думан Бейсенаев болса өз шәкірттерін ауылда ұстап қала алмай отырғанын жасырмады.

– Менде талпынысы жоғары, шеберлігі шыңдалған қаншама шәкірт болды. Мектеп жылдарында керемет өнер көрсетіп жүрген. Кейін олар мектебін тәмәмдеп, қалаға оқуға түсті. Сол кеткеннен көбі спорттан қол үзіп қалды. Біз спортшы дайындаймыз. Бірақ, әрі қарай бағыт бойынша оқытатын оқу орнында жоқ. Сол себептен талай талантты тасада қалып қойды. Біз бәсекелестікті көтеріміз қажет. Бәсеке көп болса, жетістік те көп болады. Сонымен қатар, студенттік спортты да қолға алу керек. Сонда ғана спортта даму болады, – деді Думан Бүркітұлы.

Сөз соңы

Айта кетейік, келешекте Бұғылы таулы алқабы аумағында ірі демалыс аймағының жобасы жүзеге асырылмақ. Жобада жана аспалы жол да қарастырылған. Былтыр осы аумақта су тарту, кәріз және жарықтандыру жүйелері жүргізілген. Алдағы уақытта ниет білдірген кәсіпкерлерге сол жерден жер телімдері жалға берілмек.

Қарқаралыда қысқы спорт пен туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік бар. Әуелі, жоғарыдағы айтылған мәселелерді біржақты ету қажет...

Суреттер Д.Бейсенаевтан



орнатсақ па деп отырмыз. Бірақ, әзірге бұл да мүмкін болмай тұр, – деді Думан Бүркітұлы.

Думан Бейсенаев өзінің шаңғы базасын кеңейтуге арналған жобасының бар екенін де атап өтті. Жобаның жалпы құны – 50 млн теңгені құрайды екен. Оған екі трассаны реконструкциялау жұмысы да кіретін көрінеді. Алайда, үлкен база ашуға қос мекеменің бюджеті жетпейді. Сондықтан, жоба иесі аудан әкімдігі мен облыстық спорт басқармасына өтініш жолдаған. Әзірге бұдан да ешқандай жауап жоқ.

– Қысқы спортты кәсіпқой деңгейге көтеру үшін бұқаралық спортты дамытуымыз қажет. Ал, ол үшін үлкен база керек. Мен база тұрғызу үшін шамалы ғана жер сұрап отырмын. Қазір біз контейнермен отырмыз. Осының өзінде күніне 5 000-ға жуық адам қабылдайды екенбіз. Ал, бізде база болса, мүмкіндіктеріміз де көп болар еді. Сонымен қатар, әр ауылда кішігірім шаңғы базасы болса екен деймін.

Аудан орталығында спорт

ол үшін зал қажет, – деді ол.

Қарқаралыда өткен жылдан бастап мұз айдыны іске қосылды. Нақты спорт түрлері бойынша жүйелі жоба-жоспар әзірленбеген. Тек, мұз айдыны қонақтар мен туристерге ғана пайдалануға беріп отыр. Себебі не? Себебі – техниканың ташылығында. Одан қала берді, қажетті инфрақұрылымның да жоқтығы әсер етіп тұр. Енді инфрақұрылымды жолға қою үшін мәселенің бір ұшы тағы да қаржыға келіп тіреледі.


– Хоккейді дамытуды қолға алдық. Ауданымызда ардагерлерден құралған команда бар. Команданы қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз еттік. Алайда, бұл спортқа деген жастардың қызығушылығы аз. Сондықтан, осы спортты дамытып, жастардың қызығушылығын ояту үшін арнайы қорт қажет. Қазір қатқан Айманкөл көлінің бетін тегістеп, коньки алаңын аштық. Жастар мен ардагерлер осы жерде сырғанады. Былтыр жазда аудан әкімшілігіне және тиісті органға қорттың қажетті-

жылы барлық киім-кешек пен құрал-жабдық алыныпты. Бүгінде олар тозды. Одан бөлек, хоккей жаттықтырушысының ташылығы және бар. Сол оқылықтардың орнын толтыру үшін жастарды тартып жатырмыз. Алайда, әзірге нәтиже жоқ, – деді Ербол Иксанов.

Айта кетейік, сонау жылдары биатлон федерациясынан да өтініш түскен екен. Тіпті, федерация мамандары арнайы келіп, аймақты көріп шыққан. Алайда, мамандар қажетті алаңның жоқтығын айтып, өз ұсыныстарын кері қайтарған. Одан бөлек, 90-жылдардың соңында «Шахтер» демалыс үйінде аспалы жол салынған. Бүгінде оның өзі жұмыс істемейді. Аталған демалыс орны жекеменшік болғандықтан, биліктегілердің де «былай» деп айтуға тісі батпай тұр.

Шын талант ауылдан шығады

Думан Бейсенаев ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымының жеткіліксіз екенін атап



• ТАҒЫМ

Соны соқпағымен із қалдырған...

Халқымыздың «Тау алыстаған сайын биік көрінеді» деген нақыл сөзі бекерге айтылмаса керек-ті. Кеше ғана арамьзда жүрген болмысы биік, парасаты мол, елге тұтқа, халыққа қадірлі болған азаматтар есімінің бүгінгі көңіл төріндегі орны одан әрі асқақтай түсетіндігі ақиқат.

Осындай кемел қасиеттерімен, кесек мінезмен ел аузында, жұрт жадында қалған нар тұлғалардың бірі, Алаш арыстарының атамекеңі Ақтоғай жерінен, Тоқырауын бойынан түлеп ұшып, барша қазақ еліне танылған мемлекет және қоғам қайраткері Рымбек Жүнісұлы Жүнісов ағамыз болатын. Арамьзда әлі де жүре тұрғанда жан жадыра-тар көктем айының алғашқы күнімен өзінің 85 жас мерейтойына да жетер еді...

Дегенмен де, дәтке қуаты, Рымбек аға соңынан соны соқпағымен із қалдырып, гирбатты тұмыр кешті. Еліне етеге қызмет жасап, талай игілікті істердің атқарылуына мұрындық болды. Бар қайрат-жігерін, қарым-қабілетін халқының өсіп-өркендеуіне арнап, кездескен қиындықтарда еңсерсе білу-дегі батыл қадамдары мен шұғыл шешімдері оны аңыз адамға айналдырды.

Данышпан Абайдың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген қағидаты Рымбек Жүнісұлының өмір жолын нұрландырған берік ұстанымы еді.

Талғар ауыл шаруашылығы техникумын, кейінде Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «ғалым-агроном» мамандығы бойынша бітірген Рымбек ағаның еңбек жолы туған жерінде басталып, білімі мен біліктілігі, үлкен ұйымдастырушылық қабілеті арқасында лауазымы сатылап жоғарылай берді. Қарапайым бөлімше агрономынан кеңшардың бас агрономына дейін тез көтерілген жас маман, жігерлі жас болашағынан үлкен үміт күттіріп, ауылдастарының ризалығына бөленіп, аупарткомның назарына ілікті. Ауыл шаруашылығының қыр-сырын түсінетін, атқарған жұмыстарына жауапкершілігі жоғары, кәсіби шеберлігі мықты болып қалыптасып қалған, келешегі кемел кадрды ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы, басқарма бастығының орынбасары қызметіне тағайындаған, арасында аппарат-

та тәрбиелеп, қарымын байқаған Ақтоғай аудандық партия комитеті Рымбек Жүнісұлының ірі шаруашылық – «Қызылжары» кеңшарына директорлыққа ұсынды. Қай учаскеде болсын істің ығын тауып, оңынан келтіре алатын, мақсаткерлікпен жұмыс жасай білетін басты кеңшардың экономикасын өрге бастырып, еңбеккерлерінің әлеуметтік-мәдени дамуын жоғарғы деңгейге жеткізді. Жоғарғы партия органдары да дайындығы мығым, тәжірибесі мол кадр ретінде Рымбек Жүнісұлының аса жауапты постыларыға: Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтеріне жоғарылатып.

Рымбек ағаның жұлдызды сәті жеке аудан болғанына 60 жылға жуық уақыт болған Ақтоғайына төл перзенттері ішінен шыққан тұңғыш басты – аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануымен туып еді.

Жерлестерінің риясыз көңілі мен қолдауына, жоғарғы басшылықтың сеніміне сай Рымбек аға да Ақтоғай ауданының экономикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын одан әрі өркендету мен дамытудың кешенді жоспарын белгілеп, іске асырудың кең ауқымды шараларына белек сыбана кірісті.

Бұрынғы қызметтерінде өзі бастамашылардың бірі болған көптеген шаруаларды тиянақтап, шешімін табуы созылып келе жатқан мәселелер мен тың әрі перспективалы жұмыстарды қолға алды.

Ақтоғай ауданы экономикасының негізгі саласы мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы болғандықтан, малды өз төлі есебінен өсіру мен мемлекетке өткізілетін өнімдерінің сапасын жақсарту, мүйізді ірі қара басын көбейтумен қатар, қыстақтардағы мал қоралары мен шопан үйлерін жаңалап, олардың тұрмысына қолайлы жағдай жасау қарқынды жүрді. Нақ осы кезеңде ауданның түгелдей дерлік қыстақтары жоғарғы вольтті электр жүйесіне қосылды. Агроөнеркәсіптік кешендегі ел бойынша жүргізілген реформалар, оның негізгі ұстыны – арендалық мердігерлік қатынастарды ұтымды әрі біліктіліктен енгізудің нәтижесінде бұрын есегіміз жылды 5-6 миллион сом зиянмен аяқтап келген аудан енді осынышама көлемнен де артық



пайдамен жылды қорытындылайтын, кірісі мол ауданға айналды.

Кеңшарлардың материалдық-техникалық базасы нығайтылуымен қатар, ауылдардың да кескен-келбеті өзгеріп, жанара бастады.

Бірінші хатшы аудан орталығы – Ақтоғай селосының заман талабына сай, саулетті де қолайлы мекен болуына баса назар аударды. Тұрғын үй құрылысы қарқын алды, жаңа наубайхана, сауда орталығы, балабақша, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, пошта-байланыс ғимараты, т.б. көптеген нысандар пайдалануға берілді.

Аудан тұрғындары үшін ең басты мәселе – Қарағанды қаласымен аралықтағы көтерме жол толық асфальтталып, қозғалыс көп қарбала Балқаш – Ақтоғай көтерме жолының жартысына жуығына асфальт төселді.

Рымбек Жүнісұлы мәдениет пен руханияты, әлеуметтік және білім салаларын бір сәтте де есінен шығармай, олардың жоғарғы деңгейде болуына, мәселелерінің шешілуіне айрықша ден қойып отырды, ақтоғайлықтар өнерінің одан әрі өрлей беруге, жас таланттардың танылуына мейлінше қолдау жасады.

Рымбек аға кеңшар директорлығынан

аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметіне келген жылы мен де Ақтоғай аудандық комсомол ұйымының хатшысы болып сайланған едім. Болмысы биік, бітімі бөлек, жүріс-тұрысы келісті ағаның бюро, пленумдар мен актив жиналыстарындағы белсенді позициялары, келелі ой, дәлелді пікірлеріне тәңгі болып, үйренуге тырыстық.

Рекеңді қандай да болсын мәселеге мән бере қарап, зерделеп, ой түйі мен заман талабын сезіне білу, уақыт көшінін қалмай, халық сеніміне селкеу түсірмей, ел ұғарлық сөз айтып, жұртқа пәрмен болатындай шешімдер қабылдау ерекшелігін.

Жастар ұйымына жетекші болған кезеңде таза шаруашылық адамы сияқты көрінетін Рымбек Жүнісұлының идеологиялық, әлеуметтік мәселелерге, әсіресе, жастар тәрбиесіне оң көзқарасы мен комсомол ұйымдарына қолдауын айқын сезініп отырдық.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған соң бөлім менгерушісі ретінде ол кісінің қол астында қоян-қолтық қызмет жасай жүріп, ізгі қасиеттерін одан әрі тани отырып, шыңдала түстік.

Кеңестер Одағында қайта құру кезеңі шегіне жетіп, партия ұйымдарында демократия өрістеп, ішкі партиялық, саяси-идеологиялық жұмыстар жаңаша өрбген уақытта Алматы жоғарғы партия мектебінің күндізгі бөлімінде оқып жүргенімде Рымбек Жүнісұлы Орталық Комитет арқылы сырттай оқуға ауыстырып, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі етіп тағайындады. Саяси қосбасшы ретінде терең тәжірибеге ие болған хатшы аупарткомның жұмыс стилі мен әдістерін талапқа сай жетілдіру міндеттерін қойып, өзі күнделікті жіті қадағалап отырды. Нәтижесінде арнайы зерттеуге келген бригадасының анықтамасы негізінде облыстық партия комитеті Ақтоғай аудандық партия ұйымының ұйымдық-партиялық жұмыстар тәжірибесін мақұлдап, тарау жөнінде қаулы қабылдады.

Жоғарыда атап айтып кеткен атқарылған жұмыс, қосылған нысандар жалпы жүзеге асқан істердің бір парасы ғана. Оларды тиісті деңгейде шешуге Рымбек ағаның табандылығы, кісі алғыштығы, тіл таба білуі себеп болғандығы анық. Осы кезеңде ауданға республикалық бірнеше министрлер мен ве-

домстволар басшылары келіп, шарапаттарын тигізіп кетті, хатшыны облыстың бірінші басшылары қолдап, құрмет тұтты.

Халық алдындағы зор беделі, сіңірген еңбегі, кәсіби әрі саяси дайындығының молдығына сәйкес, үш ауданды біріктірген сайлау округінде ұсынылған Рымбек Жүнісұлы демократия мен қызу бәсекелестік шеңберінде айқын басымдықпен электораттың қолдауына ие болып, XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды және өзіне сенім білдірген өңірлер тұрғындарының аманатын орындауға бел шеше кірісті.

Қазақ автономиясын жариялап, ұлттық мемлекетіміздің алғашқы негізін қалауға талпынған даңқты жерлестері – Алаш көсемдерінің арман-мақсатына сай Қазақ елінің егемендігін айтып, Тәуелсіздігін жариялаған Парламент мүшелерінің сапында Рымбек Жүнісұлының да болуы әрбір ақтоғайлықтың көкірегіне мақтанш шешімін ұялатады.

Алматыда жауапты қызметтер атқарып, зейнетке шыққан соң Астанаға қоныс аударған Рымбек аға өзіне тән қажыр-қайратына басып, «Ақмола-бетон» зауытын іске қосты. Елорданың қарқынды құрылысына атсалысты, жүздеген адамға кәсіп беріп, нәсібін табуына көмектесті, туған жерінде заманауи жобалағы фермерлік шаруашылық ашып, ата кәсібіміздің қанат жаюына үлгі көрсетті.

Арқаның биігі Аксораннан түлеп ұшып, Алаштың ардақты ұлы, қазақтың қайырғалы қайраткері дәрежесіне көтерілген, жақсылар мен жайсаңдардың жанында иық тіресе жүрген Рымбек Жүнісұлының жанына сая, пейіліне пана, көңіліне де-меу бола білген қосағы, ел анасы атанған Базилия жеңгемізді сінгірген еңбегі ерен. Екеуі тәрбиелеп өсірген ұл-қыздары, немерелер мен шөберелері көрген өнеге, алған ұлағатқа сай тамаша ұрпақ сабақтастығын жалғастырып келе жатыр.

«Өзі зордың болады ығы да зор» деп хәкім Абай айтқандай, Рымбек ағаның ықыласына бөленіп, мақорлығы мен қолдауын көрген талай азаматтар сияқты, менің мемлекеттік аса жауапты лауазымдарға тағайындалуыма пәрмен беріп, ықпал жасаған, ақыл-кеңесін аймаған әз-Ағаның жарқын бейнесі ұмытпалмақ емес.

Мейірхан ТӘТІБЕКОВ

• АГРОКЕШЕН

Шаруасы шалқыған

Бұқар жырау ауданының Ақөре ауылдық округіндегі «Шатан» шаруа қожалығының басшысы Евгений Әпейсов өсімдік және мал шаруашылығымен айналысып, шаруасын шалқытып отыр.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын «Красный Октябрь» кеңшары болған осы ауылда туып-өскен Евгений 1993 жылы осындағы Калинин орта мектебін бітіріп, сол кездегі Қарағанды политехникалық институтының құрылыс конструкцияларының өндірісі факультетіне оқуға түсіп, 1998 жылы одан инженер-құрылысшы мамандығын алып шығады. Бірақ қолында күрекетті дипломы бар ол мамандығы бойынша жұмыс істемей, бірден жеке кәсіпкерлікпен айналысуға бел буды. Оған бұл жылдарда көптеген өнеркәсіп орындарының тұралап, жұрттың айлап жалақы алмаған жағдайы да себепші болған еді.

Сонымен кәсіпкерлікке ден қойған жігіт «Әпейсов» жеке меншік кәсіпорнын ашып, ет сандасына кіріседі. Ісі бірте-бірте оңа басып, Майқұдықта «Ет үйі» мен «Камелотта» мейрамханасын ашқан оның қаражат қоры да қамтыланып, енді, «Туған жерге туынды тік» демекші, кешегі өзінің туған жеріне барып, кәсібін одан әрі жалғастыруды ойлаған.

Міне, осы мақсатта Евгений Ерғалиұлы 2012 жылы ауылындағы «Шатан» шаруа қожалығын бұрынғы қожайыннан мал-мүлік, жері мен техникасын қоса сатып алған еді. Сол уақытта қожалық иелігінде 4 500 гектар жер, соның ішінде 800 гектары жайылым, 30 жылқы мен 160 ірі қара малы болатын. Ал, техникадан доңғалақты 1 және шынжыртабанды 1 трактор болса, олардың өзі қаңтарылып, сынып тұрған екен.

Бірнеше жыл кәсіпкерлікпен шұғылданып, тәжірибесі толысқан азамат шаруашылығын одан әрі дамытып, өркендету жоспарын жасап, «Сыбаға» бағдарламасы арқылы алған несиесіне 100



жылқы мен «Әулікөл» және «Қазақтың ақбас сиыры» тұқымына жататын 100 ірі қара сатып алып, мал қораларын жөндеп, техникалық паркін де жаңартуға көшеді. Жер көлемін де ұлғайтып, өз өнімі есебінен қолдағы малын жемшоппен жабдықтауды да жолға қойды. Нәтижесінде бүгінде Евгений Әпейсовтің «Шатан» шаруа қожалығының меншігінде 12 500 гектар жер бар да, оның 4 300 гектары егістік алқаптары. Жылма-жыл фермер осы алқаптарының 700 гектарына арпа, 500 гектарына сұлы, 1 200 гектарына бидай дақылдары, 400 гектарына суданқа шөбі мен зығыр тұқымдарын сеуіп, одан ойдағыдай өнім жинап жүр.

Бұл егіс жұмыстарын атқару үшін техникасы да жеткілікті. Яғни шаруа қожалығының 5 «К-700», доңғалақты 18 және 1 шынжыртабанды тракторлары, 3 жүктіегіші мен шетелдік «Шениман» жүк машинасы тіркемесімен нақандық жұмыстарға қашанда сақадай сай.

– Күзгі орақ мезгілінде егіннен жинап алынған өнімді шашпай-төкпей сақтауға арналған 3 қоймамызда жемазық пен тұқым сақталып, шапқан шөбіміз қоршаулы маяға үйіледі. Жалпы, қожалығымыз осы өсімдік шаруашылығында маусымдық жұмыстар кезінде 10 адамға дейін еңбек етеді. Ал, мал шаруашылығында 12 адам еңбек етсе, биыл тағы да 1 мал дәрігері мен 1 есешіні жұмысқа алдым. Бұлар айына 250 мың тең-

геге дейін жалақы алып, вахтамен жұмыс істейтін адамдар үшін қыстағымыз басында жатақхана мен екі үй салып, олардың асханасы, моншасы, тынығу бөлмесі де бар. Суды өзіміздің қазып алған скважинадан алып, электр жарығы да үзіліссіз беріліп тұрады – дейді фермер Әпейсов.

Евгений Ерғалиұлы айтып отырған мал шаруашылығында қазірде 1 500 ірі қара өсіріліп, арнайы жабдықталған 5 базында бағып-қағылатын көрінеді. Осының 3 базында 730 сиыр тұрса, қалған 2 базында 500-ден астам өгізшелер бордаққа қойылып, 200-ден аса бұзаулар ұсталады.

Евгений Әпейсов бордаққаланып, әбден күйіне келген бұл малдарын сойып, етін өзінің Майқұдықтағы «Ет үйіне» апарып, сатады және Астанадағы «Алтын қазына», Алматының «Первомайский» ет комбинаттарына тірідей жөнелтіп, өткізіп отырады. Ендігі жетпейтіні – өздерінің қасапханасы. Фермер алдағы уақытта оны салуды да ойластыруда.

Бұдан бөлек «Шатан» шаруа қожалығында 150 жылқы түлігі де өсіріледі. Жаз мезгілінде бие байлап, дайындаған қымыздарын өздері де ішіп, артылғанын базарға шығарып, қыс келгенде жылқылары соғымға сатып, одан бірталай пайда түсіреді.

Келешекте Евгенийдің жоспарында өздерінде сатып етінен жартылай фабрикалар мен консервілер шығаратын цех салып, ол өнімдерін экспорттау да бар.

Осылайша туған жерге туын тігіп, еселі еңбегінің арқасында 2015-2020 жылдар аралығында облыстық мәслихаттың депутаты болып, өткен жылы өңіріне «Құрмет» орденін таққан фермер Евгений Әпейсов аудан көлемінде өтетін мәдени-спорттық шараларға да демеушілік жасап, аудан футбол командасының сыртқа жарысқа баратын жол шығынын да көтеріп келеді. Сондай-ақ, жоғында сатып ішіп, енді барында батып ішіп отырған оның қолында барын жерлестерімен бөлісіп, осының алдында облысымызда алғашқылардың бірі болып ауданның Белағаш ауылының тұрмысы нашар 3 отбасына товарлы несие ретінде бес-бестен сауын сиыр берген Атымтай жомарттығы да көпке үлгі. Сол сияқты Қарқаралы ауданының бір шаруа қожалығына да осындай несиеге 148 бұзау ұсынғаны да мақтауға тұрарлық.

«Шатанның» шаруасын шалқытқан Евгенийге бұл кәсіпкерлік қызметінде Қарағандыдағы «Ет үйі» мен «Камелотта» мейрамханасына иелік етіп отырған жұбайы Галина мен сабақтан қолы бос уақытында жанынан табылатын «Мұрагер» мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы, ұлы Кәрімнің көмегі көп болса, үлкен қызы Карина Астанада студент те, кіші қызы Сафия Қарағанды қаласындағы 38-мектеп-гимназияның 2-сыныбында оқиды.

Евгенийдің ойы мен жоспары мұнымен шектелмейді. Ол қожалықтың жер көлемін кеңейтіп, мал тұқымын асылдандыруды естен шығармайды. Сол үшін жылқы табынына асыл тұқымды 5 айғыр мен сиыр табынына да асыл тұқымды бұқалар сатып алып, қосқан.

Жуырда бұл шаруа қожалығына Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын да арнайы ат ізін салып, мұнда атқарылып жатқан шаруаларға көңілі толып қайтқан. Ендеше осынау жомарт жүректі іскер азаматтың алдағы ісіне сәттілік пен береке тілейік!

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін проблемалармен сыйыспайтын даусыз.

Тісінінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істейтін жүйесіз мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне дәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында ең семіздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белесуе күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адам зат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдеті әлі болсақ ылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер учаскесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жады сырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекетіміз кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Жемқорлыққа қарсы күрес» Заңын қабылдады, бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізі принциптерін анықтап, жемқорлыққа қатысты

күшкі бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған бағдарламалардың іске асырылуына және жемқорлықты бір жолаға жою мақсатында «Жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбына арналған көптеген семинар-тренингтер жүргізіліп, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізілуде.

Жемқорлық деген не? Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі – лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік сарауеніктердің өз қызметтерінде шенеунікпен сатқындық танытуы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болатындығы көрсетілген.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігін сақтап, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу жайы қамтылып, жемқорлықпен күресу жалпыға ортақ міндет екені айтылған.

**Н.КЕНЖЕГҰЛОВ,
«ҚР АШМ АӨК МИК
Қарағанды қалалық аумақтық инспекция» ММ басшысы**

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Жазушымен жүздесті

Ақын, жазушы, «Дайғашшы» кітабының авторы Ұларбек Нұрғалым қарағандылық оқырмандарымен жүздесті. Кездесу кеші еркін сұхбат форматында өрбіді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу кеші Қарағандыдағы «Талап кітап клубы» мен «Ар ойла» оқырман клубы ұйымдастырды. Ал, теміртаулық ақын Таңсәуле Әгенқызы Ұларбек Нұрғалымға кеншілер шаһарына келіп, оқырманмен кездесуге қолқа салған.

– Ұларбек Нұрғалымның есімі бүгінде кеңінен танымал. Ең әуелі жұрт оны ақын ретінде таныды. Біз де өлеңдерін іздеп жүріп оқыдық. «Дайғашшы» кітабы да әр қазақтың үйінде тұр. Бұл кітапта қазақтың болмысы бар. Қазақтың ұмыт болып бара жатқан наным-сенімдері, әдеп-ғұрыптары ерекше тәсілмен жазылған. Автордың дәл жанында отырып, әңгімесін тыңдағандай күй кешесіз. Тілі де шұрайлы. Ұларбек мырза – көнеңің көзін көрген әңгімешіл, білімді, талантты жазушы. Сол себепті де оның Қарағандыға келуі біз үшін өте маңызды болды, – деді Таңсәуле Әгенқызы.

«Дайғашшы» кітабы 1000 тиражбен 11 рет басылып шыққан. Бұл шығарманың оқырманы көп. Ұларбек Нұрғалым «Бұл кітапта естіп, жадымда сақтап алған ауылдың әңгімешіл, көпті көрген ақсақалдарының әңгімелері бар» деді. – Бала кезім әңгімешіл, дария

кеуде қариялардың, ағалардың арасында өтті. Бірінің әңгімесі біріне ұқсамайтын. Әр оқиганы өнегесімен, нәрімен жеткізетін. Ауылға әңгімені жақсы айтатын мейман келсе, сол үйге бәріміз жиналатын едік. Бір-бірін тыңдай білетін. Біз де бала болсақ та, ойынды шетке ысырып, тапжылмайтынбыз. Бұнымызға ақсақалдар ырза болатын. Құралайды көзге атқан мергендер мен атбегілер туралы, қасқыр соққан аңшылар туралы қызықты әңгімелер айтады. Соның бәрі жадымда сақталған. Өлеңдерді, жыр-дастандарды жаттап алатын едік. Бүгінде өкінішке қарай, әңгіме тыңдайтын, әңгіме айтатын адамдар аз қалды. Қазақтың әңгіме айту және тыңдау мәдениеті қалыптасқан. Содан ажырап бара жатқан сияқтымыз. Мүлдем ажырадық деуге келмейді. Қазақтың әңгімені қадірлейтін ауылдар баршылық әлі де, – деді Ұларбек Нұрғалым.

Оқырман мен қаламгер арасындағы әңгіме екі жарым сағатқа созылды. Алдыңғы толқын мен кейінгі толқынның құндылықтары, әдебиеттің келешегі секілді тақырыптарда әңгіме өрбіді. Сонында Ұларбек Нұрғалым өлең оқыды. Қарағандыдағы оқырмандар клубының жетекшілері мейманның ығына шапан жапты.

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Жерлестер – олжалы

Павлодар қаласында 2007 жылы туған және одан кіші спортшылар арасында үстел теннисінен өтіп жатқан ел чемпионаты аяқталды. Оған елдің түпкір-түпкірінен 260 жас теннисші қатысып, өзара мықтыны анықтады. Сол турнирде облысымыз атынан 15 спортшы өнер көрсетіп, қоржынға үш алтын, үш күміс және үш қола жүлде салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жекелей сында спорт шебері Альбина Жақсылықова мен Мария Лукьянова қола жүлдеге қол жеткізді. Ал, Дарья Фу жеңіске бір табан жетпей, күміс алды.

Командалық сайыста облысымыз қарсылас шақ келтірмей, алтыннан алқа тақты. Бұл жолы құрама сапында Альбина Жақсылықова, Дарья Фу, Мария Лукьянова, Дарья Гамова және Еркежан Тілегенова сынды спортшылар өнер көрсетті.

Жастар арасында өткен байқаудан да жерлестер олжасыз қайтпады. Ерлер арасында өткен жұптық бәсекеде жерлесіміз Асылхан Мағзұмбеков Түркістан облысының спортшысы Санжар Ибаханмен



жұптасып, қарсылас шақ келтірмеді. Сонымен қатар, қыздар арасындағы жұптық Дарья Фу да ел қоржынына күміс жүлде салды. Жерлесіміз түркістандық Назым Серікбаймен жұптасып, жоғары ойын өрнегін көрсетті.

Аралас жұптық байқаудан да қоржынға жүлде түсті. Бұл сында жерлесіміз Мария Лукьянова Павлодар облысының өкілі Қадырәлі Қабылұахитовпен бірге өнер көрсеткен болатын. Нәтижесінде, аралас сынды чемпиондары атанды. Дәл осы сында күміс жүлдені ШҚО-дан келген Әліби Шомановпен жұптасқан қараған-

дылық Альбина Жақсылықова еншіледі. Ал, қола жүлдеге қарағандылық Дарья Фу мен шымкенттік Қасым Нұрисламның жұбы еншіледі.

– Бұл көрсеткіштер біз үшін үлкен жаңалық емес. Себебі, бұған дейін де бұдан көп жүлде жеңіп алғанбыз. Одан бөлек, соңғы екі онжылдықта қарағандылық қыздар жоғары нәтиже көрсетіп, елдегі үздік теннисшілер қатарынан көрініп келеді. Бірақ, бұл чемпионатқа біз қосбасшымыз Алан Құрманғалиевсіз келдік. Ол чемпионат уақытында Сингапурдағы беделді халық-

ралық турнирде өнер көрсетіп жатты. Соған қарамастан облысымыз атынан келген спортшыларымыз тамаша өнер көрсетті, – деді Қарағанды облысының үстел теннисі бойынша аға жаттықтырушысы Эльмира Әлиева.

Айта кетейік, чемпионат қорытындысы бойынша Қазақстан жастар құрамасы жасақталды. Бұл қатарда біздің жерлестер де бар. Енді олар маусым айының соңында Ташкентте өтетін Азия чемпионатына қатыспақ.

Сурет Үстел теннисі федерациясынан

• КӨРМЕ

Сарыарқаның інжу-маржаны

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайында кейінгі қола дәуіріне тиесілі бірегей археологиялық олжалар көпшілік назарына ұсынылды. «Сарыарқаның бірегей артефактілері» атты көрме металлургия өндірісі б.з. II-III ғасырларында-ақ қалыптасқанын айғақтайтын құнды деректерді паш етеді.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайы мен Сарыарқа археологиялық институтының бірлескен жобасы ретінде ұйымдастырылған бұл экспозиция Қаражартаст археологиялық кешенінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған артефактілерге арналған. Ғалымдар «Қазақстан пирамидасы» деп атап жүрген бұл кешен – соңғы жылдары археология ғылымында ерекше қызығушылық тудырған нысандардың бірі.

– Өкінішке қарай, Теміртауда археология саласын кеңінен насихаттау мүмкіндігі шектеулі. Біз осы олқылықтың орнын толтыру үшін Сарыарқа археологиялық институтымен бірлесіп, арнайы көрме ұйымдастыруды жөн көрдік. Теміртау – металлургия кала-

сы. Бұл экспозиция өңірде металл өңдеу ісі ежелгі дәуірлерден бастау алғанын, б.з. II-III ғасырларында-ақ жоғары деңгейде дамығанын дәлелдейді, – деді мұражайдың ғылыми қызметкері Ольга Шувалова.

Көрмеге қойылған жәдігерлер қатарында еңбек құралдары, өрнек ретінде ойылған сүйек бұйымдары, жебе мен найза ұштары бар. Әсіресе, металл бұйымдарын құюға арналған қалыптар, зергерлік әшекейлер – қапырмалар мен сақиналар келушілердің қызығушылығын тудырып отыр.

Сарыарқа археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкиннің айтуынша, ұсынылған артефактілер соңғы он жыл ішінде академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің археологтары жүргізген кешенді зерттеулер нәтижесінде табылған.

– Көрме үшін барынша құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлер іріктелді. Олардың арасында ерекше пішіндегі металл пышақтар мен нәзік өрнектелген сүйек бұйымдары бар. Бұл олжалар

қола дәуіріндегі шеберлердің кәсіби деңгейін айқын көрсетеді, – деп атап өтті ол.

Сонымен қатар, экспозицияда Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының қорында сақталған қола дәуіріне жататын керамика сынықтары да қойылған. Керамикалық материалдар арқылы сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілік, шаруашылық және мәдени ерекшеліктер жөнінде тың мәліметтер алуға болады.

Айта кетейік, көрме 19 наурызға дейін жұмыс істейді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, экспозиция мектеп оқушылары мен студенттерге, сондай-ақ, өңір тарихына қызығушылық танытатын барша тұрғынға археологиялық мұраны жақынан тануға мүмкіндік берері сөзсіз.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ФУТБОЛ

Ала доп, қызыққан бала көп

Өңірде былтырдан бері Қарағанды облыстық футбол ассоциациясының бастамасымен облыс орталығындағы біршама мектепте «ALGA!» жобасы іске қосылған болатын. Бүгінде сол жоба аясында қаладағы сегіз мектептің басын қосып, жолдастық кездесу матчын ұйымдастырды. Шарт бойынша оған тек аталған мектептердің 3-4 сынып оқушылары ғана қатысқан. Әр команда толыққанды 12 жолдастық кездесу өткізіп, өзара мықтыны анықтады. Әрі оқушылар өзара тәжірибе алмасып, футболға деген қызығушылықтары арта түсті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп футболын жүйелі түрде дамытып, балалардың спортқа деген сүйіспеншілігін ерте жастан қалыптастыру – «ALGA!» жобасының басты мақсаты. Жобаға қатысатын әр мектепте дене шынықтыру пәнінің бір сағаты толықтай футболға арналған еді. Әрі футбол сабағы UEFA стандарттарына сай әзірленген әдістемелік материалдар негізінде өткізіліп келеді. Сегіз мектептің 80 оқушысы жолдастық кездесуге қатысып, деңгейін көрсетті. Ал, сол жолдастық кездесуді өткізу үшін QOFA ұйымы оқушылар өтетін алаңдарды өздері тауып беріп, тіпті, қажетті құрал-жабдықтармен де толық қамтамасыз еткен.

– Балалардың дайындық деңгейін көріп, жоғары бағаладым. Футбол сабақтарын өткізу жүйесінің нақты нәтиже беріп жатқанын байқадым. Сондай-ақ, мұғалімдердің дайындық деңгейі де жоғары екенін атап өткім келеді. Ал, болашақта балалардың кәсіби спортқа өздерін сынап көруге мүмкіндіктері мол, – деді жоба әдіскері, «Шахтер» футбол командасының жаттықтырушысы Жәнібек Аллабергенов.

Аталған жолдастық кездесу алғашқы рет ұйымдастырылып отыр. Ұйымдастырушылар енді көктемде ресми турнир өткізуді жоспарлауда. Ендігі жолы қатысушылар жүлделі орындар мен бағалы сыйлықтар үшін бақ сынамақ.

Сурет QOFA

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРҮ00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412

Таралымы 4 013
№22 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ